

THE UNIVERSITY OF THE SOUTH PACIFIC  
SCHOOL OF DISTANCE EDUCATION  
SUVA, FIJI

*WORLDWIDE*



Бүркітбай АЯҒАН

## **ҰЛЫҚ ҰЛЫС – АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ**

*«...Ал ұлы ханның үлкен ұлы-Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын».*

**Қ.К. ТОҚАЕВ,**

**Қазақстан Республикасының Президенті**

**Ұлытау, 24 тамыз, 2019 ж.**

### **Алғы сөз**

*Ғасырдың бірінші жартысындағы Шыңғыс хан империясы мен ұлысының құрылуы әлем тарихындағы ең көп талқыланатын мә-  
нің бірі болып отыр. Осынау аумағы мен салдары бойынша аса  
жеттің генезисі, өмір сүруі және ыдырауы бойынша кәсіби да-  
жұмыстар әлі де аз болуда. Ұлы мемлекетті құрған халықтар  
тық емес, саяси және бір жағынан, бір-бірін алмастырған  
з саяси атау берді. Шыңғыс хан құрған империяның халқы  
ңғол тектес болды деген әбден жауыр болған ұғым бар.  
рдің біразы моңғол тектес антропологиялық типте бо-  
исалы, славян деректерінде «половецтер» деп аталған  
қтары, бұлғар немесе башқұрттар, шығу тегі жағынан*

сөзсіз, еуропалық нәсілді немесе аралас типте болған. Сондай-ақ, осы Ұлы Орда – Ұлы Ұлыстың құрамына көптеген кавказ халықтарының өкілдері – қазіргі заманғы карашай, балқар (малқар), құмық, черкес, абазин, әзірбайжандардың ата-бабалары кірді. Әмірлер және тіпті хандардың арасында Черкес, Сары немесе Урус есімді адамдар болған. Ал қазіргі казактар пір тұтып, қастерлейтін алғашқы еуропалық казак «Сары-Озман» деп аталды. Оның шын есімі Сары-Осман (Оспан, Аспан) болуы мүмкін. Ұлы Орданың (Алтын Орда) ұлы әмірлерінің бірі, мысалы, Қажы-Черкес деп аталды, бұл оның Солтүстік Кавказ халықтарына жақын екендігін көрсетеді. Соғыс олжаларының тұрақты бір түрі «ай жүзді қыздар» болғаны, ал жаяу әскер құрамында славян, кавказдықтар өкілдері, валахтар мен болгарлар қызмет еткені туралы жазба дереккөздерінде көп айтылған.

Орда жауынгерлері әдетте орта бойлы және атқа мінуге ыңғайлы болып келетін. Біздің тұжырымымыз ұзақ қашықтықта атпен жүрудің және сарбаздардан тек ыстық-суыққа күйіп-піскен шымыр болғанына ғана емес, сонымен қатар денсаулық пен ерекше ептілікті талап ететіндігіне негізделген. Көптеген қытай суртеттері мен парсы миниатюраларында Ұлы Ұлыстың билеушілері мен жауынгерлерінің келбеттері жақсы сақталған.

Тағы бір таңғаларлық жай – түркі-моңғолдардың ат төбеліндей аз тобы өздерінің мықыр бойлы аттарымен және аз ғана қару-жаракпен өте қысқа мерзімде қаншама жерлер мен халықтарды жаулап ала алды?! Сонымен қатар, олар бұл кеңістікті жаулап қана қоймай, оларды көптеген жылдар бойына өздерінің заңдары мен бұйрықтарына бағындырып ұстай білген. Бұл да тарих үшін зор жұмбақ!

Осы тақырып төңірегінде ғылымилықтан бөлек, коммерциялық негізде көптеген тілдерде кітаптар жазылған. Олардың көп болуы соншалық, есептен жаңылуымыз мүмкін. Бұл жұмыстар Ұлы Орданың тарихын да түрлі жолдармен жарықтандырады. Көптеген ғылыми еңбектер мен танымал әдебиеттер де жарық көрді. Мүмкін, соңғы кездегі ең талантты жазылған кітаптың бірі – америкалық ғалым Джек Уэзерфордтың 2008 жылы Ресейде жаппай айналымға шығарылған «Шыңғысхан және қазіргі әлемнің пайда болуы» монографиясы (мұның символдық мәні бар, өйткені Ресей тарихы Ұлы Ұлыс – Ұлы Орда тарихымен тікелей байланысты). Бұл кітап әлемдегі Шыңғыс хан империясының тарихына деген шынайы қызығушылық тудырды және көптеген тілдерге аударылды.

Монография авторы қалың көпшілікке бұрын белгісіз болып келген бірқатар жаңа деректерді тақырып бойынша қосуды көздеген. Сонымен қатар, Шыңғыс хан империясы мен оның мұрагерлерінің мемлекеттік құрылымын зерттеудің жаңа тұжырымдамалар қатарын ұсынады. Алайда автор өз еңбегінде Ұлы Ұлысқа қарағанда, Құбылай империясына көбірек тоқталады. Сондай-ақ, бұл еңбекте бірқатар, әсіресе еуроцентризм тұжырымдамасын ұстанатын Еуропа зерттеушілерінің жұмысы сынға алынады. Орыс ойшылы Владимир Соловьев өзінің «панмонголизмі» үшін де сынға ұшыраған болатын.

Сонымен бірге, автордың бірқатар өте маңызды күмәнді деректерге жол беретіндігі байқалады. Мысалы, біз Джек Уэзерфордтың «моңғолдар» терминін тек этноним деп санайтынын қайта қарауымыз керек. Шын мәнінде, біздің ойымызша, Шыңғыс-хан кезінің өзінде «моңғол» не «мұңғұл» дегені политоним болып табылады. Бастапқыда халха пен ойраттардың өздерін, түрік тайпалары, чжурчжендер, танғұт және тіпті қытайлықтарды – «моңғолдар» деп атаған. «Құпия шежіреде» айтылған кейбір тайпалар, оның ішінде жалайыр, найман, керей, керейіт, қият пен меркіт не өлеңгіт тайпаларына келер болсақ, олар қазақ халқының құрамында осы күнге дейін сақталған.

Біздің ойымызша, монография авторы кейде Орданың билеушілерінің іс-әрекеттерін тым асыра көрсетеді және шайбанилердің қас жауы – Темір ұрпағы Захриддин Бабырды да Шыңғыс ұрпақтарына жатқызады. Ал шындығына келгенде, Бабырды Самарқаннан қуып жіберген Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шахбахт Шейбани – Шыңғыс ұрпағы болатын. Ал Бұхардың соңғы билеушісі Әлім хан Шыңғыс ұрпағына жатпайды. Қайта маңғыт пен қыпшақтар және қоңырат билеушілері шайбанилерді тақтан түсіріп, өздері хан тағын иеленді.

Шындығына келсек, аудармашылар тарапынан да көптеген қателіктер жіберілген. Мысалы, Керулен өзені кенеттен Херленге айналады. Жошы есімі орыс тіліне «қонақ» деп аударылған, ал Рашид ад-дин оның «жолда туғаны» жайлы жазған. Топонимдер, өзендер мен көлдердің атауларында көптеген сәйкессіздіктер кездеседі. Монғол империясы тұрғындары азық ретінде қолданатын суыр – «егеукұйрық» деп аударылған.

Өз заманындағы ұлы қайраткерлердің бірі «тарихты жеңімпаздар жазады» деген ой айтқан болатын. Өкінішке орай, көп жағдайда осылай болды да. Бірақ Ұлы Ұлыс тарихын жеңімпаздар емес, жеңілген елдер мен халықтардың өкілдері жазғандығы тағдыр тәлкегі емес пе? Міне, осыған байланысты, жеңілгендер жеңімпаздардың тарихын, өмір-

баяндарын, күндерін, шайқас орындарының астаң-кестеңін шығарып және тіпті сол оқиғалардың кейіпкерлерінің сыртқы түрін жиренішпен сипаттаған болатын. Мысалы, кең далада қауқиған тымақ киіп, үнемі көшіп-қонып жүретін Орданың «бұты талтиған, әрі қысық көзді» зұлым өкілінің тұрақты бейнесі осылайша қалыптасты. Міне, осындай кейіпкер қазіргі заманғы мәдениетте, тіпті мультфильмдер мен комикстерде де қайталануда.

КСРО тарихында азиялық халықтардың Ұлы Орда, яғни Ұлы Ұлыс тарихымен ешқандай байланысын болдырмау үшін барлығы жасалды(!). Сондықтан болар, осы күнге дейін Ұлық Ұлыс тарихы кеңінен зерттелмегендіктен, Шыңғыс-ханың туу және шыққан тегі туралы әңгіме көп. Біреулер оның тегін қырғыздарға жатқызса, басқалары оны қазақ не болмаса бурят, не якутка телиді.

Таңғаларлығы, Иран, араб Шығысы, Ресей және Жапония, Корея сияқты бүтіндей мемлекеттердің тарихнамасында ресми қараланған Шыңғыс хан ұрпақтары Қытай мемлекеті мен тұтас халықтардың (Құбылай), Иранның (Құлағу) және Орталық Азияның көптеген мемлекеттерінің (Жошы, Шағатай ұрпақтары), оның ішінде Қазақстан мен Өзбекстан, Қырым және Молдавияның қалыптасуына тікелей әсер еткендігін білмейді. Жас орыс мемлекетіне, әсіресе оның экономикасы мен әскери іс саласына Ұлы Ұлыс – Алтын Орданың саяси жүйесінің әсері елеулі болды. Славяндар мекендеген Ұлы Литва княздығы да Ұлы Ордамен тығыз байланыста болғанын ұмытпайық.

Авторлардың немесе кездейсоқ саяхатшылардың, тіпті қарапайым саудагерлердің діни ықыласы Орданың тарихы туралы шығармалар жинағына айтарлықтай әсер етті және монографиялар мен оқулықтарда бұлжымас ақиқат ретінде жиі ұсынылды. Байыпты ғылыми талдаулар монахтардың, діни қызметшілердің, саясаткерлердің және басқа да адамдардың жазбалары мен қызығушылықтарымен алмастырылды. Бұл жағдайларға біз төменде тоқталатын боламыз.

Авторлардың немесе кездейсоқ саяхатшылардың дінге деген ықыластары да еңбектерді құрастыруға елеулі әсер етті және «шүбәсіз шындық» ретінде монографиялар мен оқулықтарда жиі көрініс берді. Маңызды ғылыми талдаулар жеке тұлғалардың еңбектерімен және біржақтылығымен ауыстырылды. Бұл жағдайларды да біз кейінірек талдаймыз.

Алайда Ұлы Ұлыстың көрші халықтардың мәдениетіне әсерін асыра бағалауға да болмайды. Мысалы, қытайдың да, парсының да және славян халықтарының да мәдениеті мен дәстүрі Орданың күшті ықпалын

бастан өткізсе де, өзіндік ерекшеліктерін сақтай білді.

XVIII-XIX ғасырларда Еуропа тарихи әдебиетінде даланың тұрғындарына қатысты «nomads» деген жағымсыз термин күтпеген жерден пайда болып, орнықты. Бұл анықтама, әдетте, ұйқысынан айрылған және бей-берекет өмір сүруші адамның жағдайын білдіреді. Сондай-ақ, «nomads» деп кез-келген жерге келіп, тұрақтай беретін алғашқы қауымдық тайпаларды атады. Ежелгі грек және латыннан шыққан бұл термин Еуропа халықтары Африканы және Австралияны отарлау кезінде қолданылып, кейінірек орыс тілінің лексикасына енген. Өкінішке орай, қазіргі уақытта «nomads» термині орынды-орынсыз бізде де қолданылуда. Бірақ Ұлы Ұлыстың тұрғындарына қатысты бұл терминді қолдану – мүлдем өрескел қателік.

Біздің білуімізше, Ұлы Ұлыс тарихы әлі де өз алдына жеке, тіпті болмағанда, тарих факультеттерінде ғылыми тақырып ретінде зерттелмеген. Бұрынғы 1944-1948 жылдары қабылданған қаулылардың шеңберінде Ұлы Ұлыс – Алтын Орда тарихы оқулықтарда «паразиттік және жыртқыш мемлекет» сипатында, жарқын келешекке барар жолдағы үлкен кедергі құбыжық ретінде ұсынылып келді. Және де мұндай ескірген қағидалар осы күнге дейін сақталуда.

Ұлы Ұлыс, өз заманының талқысына сай мемлекет ретінде, ізгі сипатта бола қоймас, бірақ ол үш жүз жылдан астам өмір сүрді. Міне, сондықтан онымен неге жақынырақ танысуға тырыспасқа? Қазақ хандығы соның қойнауынан шығып, ал оны құруға ежелгі қазақ тайпалары қатысқан емес пе еді?

Шыңғыс ханның ұрпақтары қазіргі кезде тек қазақ халқының құрамында сақталған. Кеңес кезеңінде көптеген сынақтар мен қудалауға ұшырағанына қарамастан, олар өздерін және өз тарихын сақтап қала білді. Мысалы, Шыңғыс тұқымдары Керей мен Жәнібек Қазақ хандығының негізін қалады, Қасым, Ақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке, Жәңгір мен Абылай – оның шекараларын нығайтып, кеңейтті. Шоқан Уәлиханов, Бақытжан Қаратаев – ғалым мен қайраткер, Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы, ал сәулетші Шота Уәлиханов – Алматыдағы Тәуелсіздік стелласын жасаушы шебер.

Ұлы Ұлыс -Алтын Орда тарихы бойынша біз ұсынып отырған осы еңбек қандай да бір дәрежеде осы кемшіліктерді толықтырады деген ойдамыз. 1926 жылы Василий Владимирович Бартольд Түркия үкіметінің өтініші бойынша түркі халықтары тарихынан 12 дәріс дайындап, 1927 жылы алғаш рет көпшілік алдында оқыды. Сталиндік саяси өктемдік

жағдайында түркі халықтарының тарихы туралы мәселені одан әрі қозғау өте қауіпті болғандықтан бұл тақырып жабық күйінде қалды. Осы аталған курс 1932-1935 жылдары неміс тіліне, ал 1945 жылы француз тіліне аударылып, шет елдерде жарияланды. Орыс тіліндегі алғашқы жарияланым тек 1968 жылы жарыққа шықты. Алайда, бұл қызықты да, мәнді ақпараттар, әрине, КСРО-да кең таратылмады. Бірақ В.В. Бартольд Ұлы Ұлыс тарихын түркілердің жалпы тарихының бір бөлігі ретінде ғана қарап, оны жеке тарау ретінде береді.

Біздің дәрісіміз тек Ұлы Ұлыс тарихына – бұл орасан зор мемлекеттің қалыптасуы, дамуы мен құлдырауына арналып отыр. Сонымен бірге, дәріс барысы түрлі-түсті және әдістемелік кешенмен жабдықталды.

Тақырып бойынша кітаптар мен монографиялар алуға көмектесіп, ақыл-кеңестерін берген әріптестерім, шетелдік ғалымдар – РЖҒА-ның академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дамир Исхаковқа (Ресей, Татарстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор Роза Букановаға (Ресей, Башқұртстан), ғылым докторы, мәдениеттанушы Асиф Усубалиевке (Әзірбайжан); сын-ескертулері мен түзетпелері үшін Мемлекет қайраткері, академик Мұса Ғасымлыға (Әзірбайжан), Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Ашот Мелконянға (Армения), профессор Юлай Шамилоглы (АҚШ), тарих ғылымдарының докторы, профессор Зайниддин Құрмановқа (Қырғызстан) зор алғыс пен ризашылығымды білдіремін.

Қазақстандық әріптестер – Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, Меруерт Әбусейітоваға, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдиновке ескертулер мен түзетулері үшін; сарапшылар – тарих ғылымдарының докторы, профессор Мақсат Алпысбес (Қазақстан, Нұр-Сұлтан) және тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Әбжемил Әбулхаировқа (Қырым Республикасы) дәрістер курсының мазмұнына қатысты білдірген өте құнды пікірлері үшін алғыс айтамын.

Сондай-ақ, автор Ш.Марджани атындағы Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих институты Алтын Орда және Татар хандықтарын зерттеу орталығының басшысы, белгілі зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты Ильнур Миргалиевтің (Ресей, Татарстан) айтқан ескертулеріне ризашылық білдіреді.

Ұлы Ұлыстың тарихы туралы ұзақ талқылаулардан кейін бірқатар

ғалымдар Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары империясының жалпы хронологиясын қабылдады. «Алтан тобчи» (Күпия шежіре) және Оксфорд басылымы бойынша Жошының Дешті Қыпшаққа билік етуі алғашқы Ұлы Ұлыс тарихының басталу уақыты ретінде алынды. «Золотая Орда в мировой истории» (Казань, 2016) ұжымдық монографиясының авторлары дәл осындай ұстанымдарды мақұлдайды.

Әрине, бұл хронология жаңа ғылыми жұмыстар мен зерттеулер нәтижесінде толықтырыла түседі. Қазіргі таңда баяндаудың негізі ретінде біз төмендегі құрылымды ең қолайлы деп есептеп, осыған тоқталуды жөн санадық:

1206 жыл. Жошы ұлысының Моңғол империясы шеңберінде құрылуы.

1225 жыл. Жошы ұлысының Дешті Қыпшақ аумағына қарай ауысуы.

1259 жыл. Мөңке ханның, Ұлақшының өлімі (Жошы ұлысының билеушісі, Батудың немересі). Моңғол империясындағы азамат соғысының басталуы.

1269 жыл. Талас құрылтайы. Моңғол империясының заңды негізде ыдырауы.

1313 жыл. Өзбек ханның билікке келуі.

1313-1359 жылдар. «Алтын Орданың дәуірлеу кезеңі».

1359 жыл «Ұлы берекесіздік» – Ұлы Ұлыстағы алғашқы азамат соғысының басталуы.

1419/20 жыл. Едіге мен Қадырберді (Тоқтамыс ханның кіші ұлы) қайтыс болған жыл. Жошы ұлысының жеке иеліктерге ыдырауы.

1502 жыл. Үлкен Орданың құлдырауы.

1502-1598 жылдар. «Жошы ұлысы бірлігінің серпінділігі».

1556 жыл. Қазанды алу және Астрахань хандығының құлауы.

Отандастардың мүдделерін ескере отырып, біз соңғы тарауда негізінен Қазақ хандығының тарихы туралы материалдар ұсынамыз. Бірақ Қазан, Қырым, Сібір хандықтарының тарихын, Ноғай ордасының немесе Көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихынан мәлімет берем деушілерді әрқашан қабылдаймыз. Моғолстанның ыдырауы және Шығыс Түркістандағы (Тұғлық-Темір) Тоғылық-Темір ұрпақтарының қызметі толығымен жазылмаған. Сонымен қатар, Мәскеу княздігінің қалыптасуы туралы әлі де ақиқатты, саясаттандырудан ада зерттеулер жоқтың қасы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев аталмыш тақырыпқа тоқтай келе өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында – *«Төменде сөз етілген прото-мемлекеттік бірлестіктердің*



*көпшілігі қазақ ұлттарының этногенез элементтерінің біріне айналған Қазақстан аумағында құрылды» деп атап өтті.*

Сонымен, біз неге бұл еңбекті дәріс, арнайы курс ретінде ұсынудың әдісін таңдадық? Анықтама бойынша, дәрістер – бұл қатаң түрде анықталған логикалық құрылымға сәйкес құрылған және берілген тақырыпты мүмкіндігінше терең және нақты ашу үшін тапсырмаға бағынатын ақпарат. Көбіне дәрістер белгілі бір тақырып бойынша оқулықтар немесе оқу құралдары болмағанда жазылады. Біз осы жағдайларды ескеріп, отандық және шетел тарих ғылымының жетістіктерін басқа сабақтас ғылымдардағы зерттеулер нәтижелерімен байланыстырдық.

Сондай-ақ, біз басқа елдердің, оның ішінде ең алдымен Ұлы Ұлыстың тарихымен байланысты мемлекеттердің ғалымдарын осы тақырып бойынша жаңа зерттеулерді жазуға қатысуға шақырамыз. Бұл өте маңызды, өйткені кейбір саяси серкелер көршілес халықтарға әлдебір *«сыйға берілген жерлер»* жайында негізсіз айта бастады, бұл, әрине, тарихи деректерге сәйкес келмейтіндігі сөзсіз.

### **1223-1226 жылдар: Шыңғыс хан империясынан Ұлы Ұлыс кеңістігіне**

«Шыңғыс хан... өз ниетін жүзеге асырып ешкім ешқандай да қулықпен алдай алмайтын Тағдырға және ешқандай қарумен тойтара алмайтын Өлімге қарсы жүрді.»

**Ала ад-дин Ата Мәлік ДЖУВЕЙНИ**  
**«Тарих-и джахан-гушай»**

Әлем халықтарының тарихында бұрындары ерекше рөл атқарған көптеген мемлекеттер болған. Алайда бұл мемлекеттердің тарихы әртүрлі бағаланып келді. Мәселен, Рим немесе Осман, Француз немесе Ресей империяларының тарихы үнемі зерттеліп, негізін қалаушылар мен билеушілері туралы мыңдаған зерттеулер мен кітаптар жазылды; фильмдер түсіріліп, тіпті түрлі-түсті комикстер көрсетілді.

Шыңғыс хан империясының құрамынан бөлініп шыққан Ұлы Ұлыс осындай мемлекеттерінің қатарында ерекше орын алады. Белгілі болғандай, Шыңғыс хан мен Жошы қайтыс болғаннан кейін, XIII ғасырдың 30-жылдарының ортасында Жошының ұрпақтары Бату-Батыр, Батый, (Қазақстан тарихы, 2-том, 2010 ж), Берке (Беркай) және басқалары тұсында Ұлы Ұлыс құрылды. Кейбір тарихшылар Ұлы Ұлыс (Жошы ұлы-

сы сияқты) Моңғол империясы шеңберінде 1206 жылы құрылып, 1269 жылы тәуелсіздігін алды, ал оның негізін қалаушы Бату емес, Жошы болып табылады деп санайды. Ұлы Ұлыс атауының бірнеше нұсқалары бар – Жошы ұлысы, Ұлы Орда. Сондай-ақ, Ұлы Ұлыс орыс тарихнамасында «Алтын Орда-Золотая Орда» деп те аталады. Ең қызығы, осы ұлысты құрған халықтар төл атауын ұмытып, басқа халықтарға еліктеп «Алтын Орда», яғни «Золотая Орда» деп атай бастады.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Ұлы Ұлыс – Алтын Орда» тарихы бойынша дәрістердің курсы білім беру тарихының жаңа көрінісі, өз заманындағы қуатты құрылымның дәуірлеуі мен құлдырау кезеңін қамтиды. Автор алдыңғы зерттеушілердің еңбектерін, дәрістер курстарында зерттеген жұмыстарын пайдалана отырып, сонымен қатар бірқатар жаңа ережелерді алға тартады. Тарихи өткенді сипаттауға арналған тұжырымдамалық негіздер жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «...біздің сана-сезімдеріміз бай тарихи тәжірибеге негізделуі керек. Жарқын болашақ туралы армандап, даңқты өткенімізді ұмытпайық» деп атап өткен болатын.

Осы еңбекті баяндау мен оқырманға жеткізу тәсілі жағынан алып қарайтын болсақ, тарихи оқиғалар, саяси кейіпкерлердің іс-әрекеттері, басқару ерекшеліктері, экономикалық жағдайы, рулық құрамы, елшілік қызметі, әскери істерді ұйымдастыру және т.с.с жағдайларды қатаң хронологиялық тәртіппен сипатталған лекциялар жиынтығы болып келеді. Тарихи оқиғаларды сипаттай отырып, біз оқырманға келесі үш маңызды аспектіні бөліп көрсетуді жөн деп таптық:

- а) жаңа жазбаша көздерден ақпарат тарту;
- ә) партиялық-кеңестік органдардың белгілеген мерзімдері мен идеологиялық іліміне сыни талдау;
- б) Ұлы Ұлыстың даму кезеңдерін хронологиялық тәртіпте қарастыру және негізгі кейіпкерлердің қызметін бағалау.

Дерекнамалық зерттеу мен тарихнамалық шолуды біз хронологиялық реттілікпен жасадық. Осы дәрісімізді дайындау үстінде Ұлы Орда туралы жазылған зерттеулердің молдығын және көптеген тілде жазылғанын есептей келе, адам есімдерін, жер атауларын, деректерді көне қыпшақ тіліне ең жақын тіл ретінде қазақ тілі негізінде бергенді жөн көрдік.

\* \* \*

Ең көне моңғолтілді материалдардан Шыңғыс хан империясының

қалыптасуының мән-жайын, ішкі қыр-сырын «Моңғолдың құпия шежіресі» мен Лувсанданзанның «Алтын шежіресі» береді<sup>1</sup>.

Шыңғыс хан империясы мен Ұлы Ұлыстың (Алтын Орда) құрылу және қалыптасу тарихы бойынша араб, парсы, түрік, қытай авторларының ауқымды еңбектерін мүмкіндігінше пайдалануды көздедік. Олар өте көп және алуан түрлі мағлұматтар береді. Сонымен қатар, олардың бір бөлігі дінге деген әуестік салдарынан немесе сарай төңірегіндегі адамдардың ықпалымен жазылған.

Шыңғыс хан империясының аймақтарына тікелей саяхат жасап, дәстүрі мен тұрмысын, сондай-ақ Орда билеушілері – Батуды, Беркені, Мөңкені (Меңгу хан)<sup>2</sup> өз көзімен көрген италиялық монахтардың еңбектерінде өте құнды ақпараттар қамтылған. Ел аралау кезінде монахтар әрине, өзіндік мақсаттарды көздеген, сонымен қатар олардың жазбалары өз заманына сай сипатқа<sup>3</sup> ие болып келеді.

Шыңғыс хан армиясының қуатты әскерлерімен бірінші болып бет-бет келіп, олардың тегеурінін өз көзімен көрген қытай, парсы, араб елдерінің ғалымдары мен жылнамашылары бізге елеулі әрқилы дерек-көздерін қалдырды. Олардың бір бөлігі уақыт өте келе жойылды, ал ке-

---

1 Моңғолдың құпия шежіресі (XII–XIII ғ-ғы көшпелілер шежіресі) / Ауд. М. Сұлтанияұлы. Алматы: Өнер, 1998; Алтын шежіре: Шыңғыс хан қағанатының, көне түркі-монғол тайпаларының тарихы / Лувсанданзан. Алматы: Өнер, 2009.

2 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. Алматы: Ғылым, 1993.

3 Рашид ад-Дин Фазлаллах Хамадани. Жамиғ ат-тауарих. Тарихтар жинағы. 1-9 т. Астана: Халықаралық Түркі академиясы, 2018; Джувейни Ала ад-Дин Ата Мелик. Чингисхан: история завоевателя мира / Пер. с текста Мизры Мухаммеда Казвини на англ. яз. Дж. Бойла; пер. с англ. Е.Е. Харитонова. М.: Магистр-Пресс, 2004; Дулати Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). Алматы: Мұхаммед Хайдар Дулати қоғамдық қоры, Тұран, 2003; Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы / Жалпы редакциясын басқарған М. Мағауин. Алматы: Қазақстан, 1997; Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1992; Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния / Сост., обр. и подт. текста Р. Рахманалиева. М.: Гураш, 1992; Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина; коммент. и указ. М.Х. Абусейтовой. Алматы: Ғылым, 1992.

лесі бөлігі сол дәуірдің тынысын, жаулап алынған елдердің қасіретін, ақсүйектер арасындағы талас-тартыстың және қарапайым адамдардың өмірін қазіргі уақытқа дейін жеткізе білді. Бұл дереккөздер хронологиялық реттілікпен берілген. Олардың шексіз серпінді еңбектерінде шығыстық авторлар – Рашид ад-дин және Ала ад-дин Мәлік Жувейни, қытай монахы Ли Жыган («Әулие Чанчунның Батыс елдеріне саяхаты») XIII ғасырдың аяғындағы оқиғаларды хатқа түсірді. Ли Жыган Шыңғыс ханның маңайындағы топтың құрамына әр түрлі діндер мен шартараптан шыққан адамдар кіретінін атап өтті.

Бұл дәуірдің замандастары – парсы тілді авторлар Шараф ад-дин Әли Иазди (Йазди, Язди, Иезди), Гияс ад-дин Әли, Ысқақ Әбд ар-Раззақ Самарқанди, сонымен қатар еуропалық саяхатшылар Рюй де Гонзалес Клавихо және Иван(Иоган?) Шильтбергер (Шильтербергер) Әмір Темір және оның мұрагерлері туралы көп жазған, олардың жазбалары осы күнге дейін өзектілігін жойған жоқ<sup>1</sup>.

Бұл деректер, мысалы Рашид ад-дин XIII ғасырдың аяғындағы оқиғаларды бейнелесе, Мұхаммед Хайдар Дулат (Дулати) XV-XVI ғасырлардағы оқиғалардың барысын сипаттады дей келе, хронология бойынша ретімен созыла береді. Хан әулеттерінің генеалогиясын, олардың өмір сүру әдептері мен ауыр тағдырларын «Муизз ал-ансаб», Өтеміс қажы, Әбілғазы, Қадырғали Жалайыр өз еңбектерінде тәпшітеп баяндайды.

Сол кезеңдердің тарихы туралы тікелей ақпарат кавказдық түрік, грузин, армян жылнамаларында сақталған. Осы елдердің авторларының жазбаларына жаулап алушыларға деген жеккөрушілік көп әсер етті, бұл қалыпты құбылыс еді. Осыған қарамастан, бұл деректер өте маңызды, сондықтан олар ғылыми айналымға уақыттың дәлелі ретінде енгізілді<sup>2</sup>.

---

1 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В 4 т. / Отв. ред. М.Х. Абусейтова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005–2006.

2 Армянские источники о монголах: Извлечения из рукописей XIII–XIV вв. / Пер. с древнеарм., предислов. и примеч. А.Г. Галстяна. М.: Изд-во вост. лит., 1962; Товма Мецопеци. История Тимурленга и его приемников / Пер. с древнеарм., предисл. и коммент. К.С. Тер-Давтяна. Ереван: Наири, 2005; Анонимный грузинский «Хронограф» XIV века / Отв. ред. Л.О. Башелейшвили. Пер. с старогруз. и предисл. Г.В. Цулая. М., 2005. С. 22-125; Исмаилов Э. Очерки по истории Азербайджана / Э.Р. Исмаилов. М.: Флинта, 2010. С. 76-78. ; История Азербайджана с древнейших времен до начала XX века. Под ред. чл.корр.АН Азербайдж-

Бұл мәселе Ұлы Ұлыс билеушілерінің де, білімді адамдарының да өз мемлекетінің тарихын жазуға соншалықты көңіл бөлмегенін көрсетеді. Бұл біз үшін таңғаларлық және түсініксіз жағдай!

Ұлы Ұлыс-Алтын Орда тарихына қатысты жазылған көптеген деректер өртелді, немесе кейінгі ұрпаққа жетпей жоғалды. Бұл еңбектердің авторлары өз дәуірінің қағидаларына бағынып, өз заманына лайықтап жазған. Парсылық, түркілік, моңғолдық және басқа да шығармалар жекелеген тақырыптарға негізделіп, сондықтан барлық мәселелерді толық қамти алмады. Дегенмен, олар кейін италян, венгр, поляк, орыс және т.б. еуропалық халықтардың тарихнамасында қалыптасқан базаны құрады.

XVIII-XIX ғасырлардағы еуропалық мемлекеттер мәдениетінің үстемдігі дәуірінде ірі зерттеулер жүргізіліп, ағылшын, француз, неміс тілдеріндегі аудармалар жүзеге асырылды.

Ортағасырлық авторлардың еңбектері заманының тарлығы мен өз дәуірінің талаптарына сәйкес жазылды. Бұл түпнұсқалар, әсіресе шығыстық және діни шығармалардың жеке тақырыптарына қатысты болды және барлық мәселелерді толықтай қамтымады. Бірақ олар кейінірек еуропалық – ағылшын, неміс, венгр, поляк, украин, орыс және т.б тарихнамасын қалыптастыру үшін қолайлы негіз жасады.

Еуропалық авторлар ортағасырлық танымал шығыс ғалымдарының ірі еңбектерін аударып, ғылыми айналымға енгізді, соның ішінде Мұхаммед Хайдар Дулаттың (Дулати) «Тарих-и Рашиди» еңбегін ереше атауға болады. Сонымен қоса, олар экспедициялар мен археологиялық қазбалар нәтижесінде, жаңадан ғылыми пікір, түсініктемелер енгізіп отырған. Бірақ Ұлы Ұлыс-Алтын Орданың, сондай-ақ Шығыстың басқа да көптеген мемлекеттерінің тарихын зерттеу мәселесінде, Еуропа ғалымдары аз уақыт ішінде осы мемлекеттердің қалыптасуының көптеген қырларын егжей-тегжейлі соңына дейін меңгере алмады. Мысалы, Еуропа зерттеушілері олардың қоғамдық құрылымын, рулық қатынастарын, отбасылық, қауым көшбасшыларының мінез-құлықтарын жете түсіне алмағаны көрініп тұр.

Әлбетте, Шыңғыс ханның көптеген іс-әрекеттері, оның әйелдерімен немесе ұлдарымен қарым-қатынасы, дәстүр-тұрмысы еуропалық немесе орыс мәдениеті тұрғысынан қарастырылған болатын. Соған байланысты көптеген жағдайларда мәселен, «Моңғолдың құпия шежіресі» дерегінің мазмұнын ескі монғол және түркі тілдері мамандарының бір-

лесе отырып жаңаша талдауы талап етіледі. Бұл ретте зерттеушілердің еуропалық құндылықтарды негіз еткен «еуроцентризм» тұжырымдамасының басымдығының болғандығын ескеру қажет. Бірақ айтылған ескертулерге қарамастан, Орда тарихын зерттеуде еуропалық және шығыс ғалымдарының үлесі зор болғандығын тағы да қайталап айтпақшымыз.

Орда тарихын зерттеуші көптеген Ресей ғалымдарын ХІХ және ХХ ғасырларға қатысты басқа да шытырман оқиғалар күтіп тұрған болатын. Белгілі болғандай, бұл кезеңде Ұлы Орда ғана емес, сонымен қатар Орданың мұрагер мемлекеттері де ыдырап, олардың қалалары қиратылды. Бір кездері гүлденіп, қарыштап дамыған экономика құлдырап қана қоймай, тіпті ХІХ ғасырға қарай толығымен қирады. Мемлекеттер мен хандықтардың атаулары жойылды немесе олар атауларын өзгертіп, мәртебесін жоғалтты, сонымен бірге, мүлдем аз аумақты иеленді. Мысалы, Қазан хандығының аумағы 1552 жылға қарай Қазан қаласы мен оның төңірегін ғана алып жатты. Жер, өзендер мен көлдердің атауларының өзгеруі Қырымды да, Еділді де, Сібір және Орталық Азияны да толықтай қамтыды. Олар жасанды түрде орыс немесе жалған грек үлгісіне ауысты. Қалалар, өзендер мен тау атауларының неғұрлым жүйелі өзгерістері Қырымды, Еділ бойы, Сібірді, Дон мен Днепр алқаптарын түгел қамтып, бір кездері «Қыпшақ өлкесі» деп аталған ұлан-байтақ аумақ, қазір «Оңтүстік орыс» далалары деп қана аталады. Сарай-Бату мен Сарай-Берке атаулары жойылып, өзгертілді; бір кездері аты әлемге мәлім Үкек, Шыңғыс төре (Чинга Тура), Нараушат (Наровчат) және басқа қалалар тас-талқан болды.

Бұл елді мекендердің көпшілігі ХV-ХVІ ғасырларда, Ұлы Орданың құлдырауы мен өзара тартыс кезінде өртелген болатын. Бұл кезде зор қуатқа жеткен, Кавказ, Сібір, Орталық Азияны өзіне қаратып алған, үнемі даму үстіндегі Ресей империясының өкілдері, қирандыларын құм басқан, жағдайы адам аярлық күйге түскен – Сығанақ, Сауран, Шыңғыс төре (Шыңғыс-төре) қалаларының ХVІІІ-ХІХ ғасырларға таманғы кейпін көріп, таңғалып абдырап-ақ қалғанды. Бір кездері Ұлы Ұлысты құрып, тарих сахнасына шығарған халықтар құрал-жарақ жағынан артта қалған, ірі саяси орталықтары жоқ мешеу ел ретінде болды. Ал Ресей империясы үшін бұл өлкені жаулап алу үлкен қиындық тудырмады; Ұлы Ұлыс мұрагерлерінің бірі саналатын Сібір хандығын талқандау үшін қарақшы Ермактың білтелі мылтықпен қаруланған жүздеген казактары-ақ жеткілікті болды.

Көптеген еуропалық саяхатшыларды ортағасырлық жағдайда тұм-

шаланған өлкенің артта қалуы да таңғалдырды. Тіпті Бұхара, Самарқан, Түркістан, Хиуаның әсем сарайлары да қараусыз қалған жағдайда болды және отарлық өкіметке осы тамаша ескерткіштерді қалпына келтіру үшін өздеріне көп күш пен қаражат салуға тура келді.

Ірі мәдени орталықтардың жетіспеушілігі бір кездері Ұлы Орданы құрған халықтардың өз тарихын ұмыт қалдыруына ықпал етті. Нәтижесінде, сонау ұлы заманды тек ауызша аңыздар мен музыкалық шығармалар арқылы ғана еске сақтауға мүмкін болып қалды. Кеңестік ақын Сергей Марков өз уақытында болған бір оқиғаны, қазақ ақыны Олжас Сүлейменовке әңгімелеп береді. Бірде ол қазақ жазушылармен дастархандас болып отырып, осы Ұлы Орданың тарихы жөнінде «қарапайым дүниені қалайша білмеуге болады?» деп таңырқайды. Кейін қазақ ақыны осы жағдайды жырға қосқан:

*« ... а я одинок за столом  
Кыпчаков живые потомки  
забыли о славном о былом,  
но русская муза готова,  
склоняясь на пыльный гранит,  
прочесть половецкое слово  
на жаркой груди пирамид»<sup>1</sup>.*

Біз қазақ жазушыларын өз тарихын, оның ішінде өз руларының шығу тарихын жақсы білді деп санаймыз, бірақ ауыздары күйіп, зәрезап болған олар Мәскеу жіберген «орталық» өкіліне сенбеді. Немесе бұл жазушылар әлдебір бір бой қорғалағыш, жертабан шенеунік болуы мүмкін.

Дәріс авторының көтерген басты тақырыптарының бірі – Ұлы Ұлысқа қатысты қолданылатын терминдер (этнонимдер, политонимдер және тайпалардың атаулары). Мысалы, Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) атауының өзі жазушыға қатысты түрленіп өзгеріп отыратын болған. Көптеген зерттеушілердің байқағанындай, Ордаға бағынышты халықтар, соның ішінде орыстар да XIII-XIV ғасырларда-ақ Ұлы Орда жауынгерлерін әртүрлі атаған.

Білуге құмартқан қанша жан іздеген жауабын табатын білгір Уикипедиядағы ақпаратта айтылғандай, орыс жылнамаларында Ұлы Ұлыс-Алтын Орданың Ресейге жасаған «езгісі жайлы» деректер кездеспейді. Бұл мәлімет тек XV-XVI ғасырлардың аяғында поляк тарихи әдебиетінде пайда болды. 1479 жылы (!) оны жылнамашы поляк Ян Длугош алғаш

---

1 Сулейменов Олжас. Аз и Я: Книга благонамеренного читателя. Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 163.

қысқаша пайдаланған. Ал орыс тілді дереккөздердің өзінде «моңғол-татар езгісі» анықтамасы алғаш рет 1660 жылы жарық көрген кітаптарда ғана пайда болды<sup>1</sup>.

Л. Н. Гумилев бастаған бірқатар ресейлік зерттеушілер пікірі бойынша, батысеуропалық әдебиеттен «моңғол-татар езгісі» анықтамасы алғашқыда ресейлік, ал содан кейін кеңестік ғылымға келіп жетті. Бұл термин алғаш рет 1817 жылы жарияланған неміс ғалымы Христиан Крузенің «Атлас и таблицы для обозрения истории всех европейских земель и государств от первого их народонаселения до новейших времен» еңбегінде қолданылғанын ресейлік ғалым атап өткен болатын. Байқағанымыздай, бұл кітап 1812-1815 жылдары Наполеон әскері Ресей империясы армиясынан жеңілгеннен кейін шыққан. Еуропа халықтарына тымақ киіп, өткір найзалармен қаруланған казак, башқұрт, казак, татарлардан тұратын ала-құла әскер алдымен Жебе мен Сүбітай, ал кейін Батудың өзі бастап келген Орда әскерінің шапқыншылықтарын еске түсірген болар? Еуропалықтар ХІХ ғасыр үшін қызықты болып көрінетін айрықша жасақталған, одағай азиялық жасақтарға таңырқай қараған сияқты.

Ян Длутоштың кітабы мен Христиан Крузенің «Атласы» ХІХ ғасырдың ортасында орыс тіліне аударылып, Санкт-Петербургте басылып шықты. Содан бері ресейлік мамандар отандық тарих кезеңінің 1243-1480 жылдары аралығын «моңғол-татар езгісі» уақыты деп атай бастаған болатын. Біздің ойымызша, ақиқатына, бұл кезең 1223 жылғы Қалқа өзені шайқасынан бастап, кем дегенде 1552 жылға, Қазанды алғанға дейін, немесе Жошының тікелей ұрпағы, Қазан ханы Ахмет әскерінің шайқасқа кірмей кері қайтқан «Уградағы (тұруға) шегініске» дейінгі аралық болуы керек еді. Ықтырушы сыңайдағы бұл қағиданы насихат ретінде кейінірек кеңестік партия машинасы қолданды. Бірақ ең сорақысы, бұл доктриналар университеттер мен мектептердің оқулықтарына, тіпті кинофильмдерге де «сөзсіз шындық», ретінде еніп, таптырмас үгіт-насихат құралына айналды.

Шыңғыс хан империясы мен оның ұрпақтары әскерінің орыс жеріне жорығын көне орыс және ортағасырлық жылнамашылар, әсіресе шіркеу қызметкерлері егжей-тегжейлі жазған. Олар келтірген мәліметтер Владимир Рудаковтың «Монголы-татары глазами древнерусских книжников середины XIII-XV вв.» (М, 2009 ж.) кітабында жинақталған. Бұл шығармалар орыс жеріндегі бүліншіліктер, шаруалардың тұтқынға тү-

---

1 Монголо-татарское иго // Википедия – Свободная Энциклопедия. Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Монголо-татарское\\_иго](https://ru.wikipedia.org/wiki/Монголо-татарское_иго)



суі, қалаларды басып алуы жайында хабарлайды. Жылнамашылардың шығыстан келген жұмбақ жауынгерлерді қалай атауға болатынын білмегендігін орыс тарихшылары айрықша баса айтады. Тіпті бізге әртүрлі нұсқада жеткен «Повести о битве на Калке» дерегінде былайша баяндалады: «...придоша языци незнаемы, их же добре никто не весть, кто суть и отколе изидоша, и что языкъ ихъ, и которого племени суть, и что вера ихъ... Богъ же един весть ихъ, кто суть и отколе изидоша». Ордалықтар грузин және армян дереккөздерінде мүлдем әртүрлі атаумен аталады. Кейде оларды басқарушыларының есімдерімен атау да кездеседі. Бірақ Қалқа өзеніндегі сол шайқас туралы жылнамашы: «*оларды татарлар дейді, ал тағы біреулері – тәуірмендер, ал басқаларын – печенег деп атайды... Біз, татарлардың көптеген халықтарды: ястарды, обездерді, касогтарды жаулап алып, көптеген дінсіз половецтерді қырып, өзгелерін қаңғыртып жібергенін естідік*» деп жазады. Бұдан әрі жылнамашы бұл «тәуірмендер» төгілген христиан қаны үшін есе қайтаруға келді; олар шынында да әлгі басбұзарларды сөйтті»<sup>1</sup> деп жазады. Бірақ жылнамашы тек әскердің атауын шала білуімен қоса, оларды орыстардың «одақтасы» деп ойлағаны, әрине, үлкен қателік болатын.

«Извлечения по Галицко-Волынской летописи» хабарлағандай, «татарлар» деп аталатын бұрын-соңды болып көрмеген тажал – «моавитяндық» әскер келіп жетті. «Татарлар» деген этнонимға жатпайтын, әлдебір политоним ұғымынан басқа, астарына үңілсек, оны өзге емес, тек «моңғолдармен» ғана үндестіруге болатын «моавитяндар» атауы кездеседі.

Бірақ «Батыево побоище» дерегінде Рязань, Коломна, Мәскеу, Владимир, Суздаль, Ростовты алған «*дінсіз татарлар*» туралы сөз болады және тек ақпан айында олар он төрт қаланы алғандығы айтылады. 1239 жылы «татарлар» Переяславль, Каменец, Чернигов, Муром және мордовалық жерлерді алды, ал 1240 жылы олар Киевті алып, әрі қарай Венгрия аумағына қарай кетті<sup>2</sup>.

Аты-жөні беймәлім грузин «Хронографы» (XIV ғ.), Шыңғыс-казанның (мәтінде солай) балаларын санамалай келе, «*татарлардың еліміздің шетіне келуі сол-ақ екен, қуғынға ұшыраған сұлтан Жәлелад-дин өзінің патшалығын тастап, қашып кетті. Татарлар Тұран, Түркия және бүкіл Хорасанды оңай басып алды*» деп жазды. Оларды армян жылнама-

---

1 Краткая история Золотой Орды и татарских ханств. К 750-летию Золотой Орды. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019. С. 41-42.

2 Там же. С. 45-48.

шылары «жауынгер халық» деп атады. Бірақ еуропалық хронографтар (Париждік Матфей) Інжіл оқиғаларының сарынымен, шығыстан келген әскерді «тартарлар» немесе «монғолдар» деп атайды<sup>1</sup>.

Қытай тарихнамасы бойынша «татарлар» политонимі (этноним) Шыңғыс ханға бағынғандарға бекітілген деген нұсқа да бар. Алайда, моңғолдың «Құпия шежіре» дереккөздері «татарларды» Шыңғыс ханның дұшпандық ниеттегі тайпаларының жақтастары – «Алтын ұрық» әулеті, сондай-ақ «бөржігін-қият» тайпасының өкілдері деп санайды. Біз бұрын жазғанымыздай, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының империясын XIII ғасырдан бастап барлық жерде «татарлар» деп атаған. Мүмкін, татарлардың өздері сан жағынан сонша көп болды ма екен, немесе кейбір басқа зерттеушілердің ұйғарымы бойынша, татарлар белсенді көпестер болды ма, міне, сондықтан олар жеңілген халықтың есінде қалды. Ал қазіргі Еділ бойындағы Татарстан сол кезде ежелгі Бұлғарлардың елі болған.

Бізге «монғол» халықтық атауының шығуы әлі де жұмбақ болып отыр. Өз еңбектерінде Рашид ад-дин татар және «мұңғұл» атауларын (моңғол емес) жиі пайдаланады және бұл халықтардың түп негізі бір және олардың көне түріктер екендігін айрықша баса айтады.

Біздің ойымызша, «мұңғұл» анықтамасының өзі бастапқыда «мыңқол», содан кейін славян тілінде «моңғол» болып өзгертілді. «Мәңгі Ел» (Мәңгілік Ел) анықтамасынан «мыңқол» эпитеті түрленуі мүмкін. Белгілі болғандай, Шыңғыс хан барлық халықтарды біріктіретін, нәсілдік, діни және тілдік айырмасыз, мәңгілік мемлекет, мәңгілік және ұлан-байтақ ел құру идеясын ойластырған. Оның мұндай тұжырымға келуіне әр түрлі діни орталықтардың қолдауы, діни еркіндіктің берілуі, мәдени төзімділік итермеледі. Мысалы, ол барлығының жаппай моңғол немесе түркі тілдерінде сөйлеуін талап етпеді. Біздің екінші нұсқамыз бойынша, моңғолдар атауы (мыңқол, яғни мың тайпалар, көп тайпалар) жаулап алынған елдердегі мындаған тайпалардан тұратын Ұлы Ұлыс әскері ретінде қабылдануы мүмкін. Біздіңше, Л.Н. Гумилев еңбектерінде айтылатын Қиыр Шығыстың әлдебір тұсында өмір сүрген беймәлім «Менгу» тайпасы «моңғол» атауына негіз бола алмайды. Ала ад-дин Ата Мәлік Жувейни оларды «татарлар» деп сенімді атайды, бұл ретте ол, Шыңғыс хан үстемдігі тұсында оған «моңғол тайпаларының» қосылға-

---

1 Там же. С. 45; Гандзакеци Киракос. История Армении / Пер. с древнеарм., предисл. и коммент. Л.А. Ханларян. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1976. С. 63-67, 271-274.

нын айтып өтеді.

Халық атауындағы бұл екіжақтылық, монах – Плано Карпинидің «История монголов, именуемых нами татарами» (1246 ж.) шығармасында да көрініс тапты. Шыңғыс хан империясының дәуірлеуін көрсете келе, бұл монах, бізге діни біржақтылықпен шектелген құнды айғақтар қалдырды<sup>1</sup>. Сонымен қатар, автор осы еуразиялық империяның саяси құрылымы, экономикалық қатынастары жайында жаңа деректерді де ұсынады. Даланың ислам дініне бетбұрысы үдеген сайын орыстілді дереккөздерде «құдай ұрған басұрмандар» немесе «бесермендер» сияқты жеккөрініштілікке құрылған атаулар кең тарала бастады.

Түпнұсқалық хат-хабарларда Ұлы Ұлыс «Орда» немесе бәлендей ханның не әмірдің елі деп аталған. Кез-келген жағдайда, Орда тұрғындарына, билеушілеріне, әмірлерге, басқақтарға да қатысты терминология, анықтамалар, шен, дәрежеліктер сыни тұрғыдан мұқият талдануы керек. Біз кіріспеде терминдер-политонимдер, этнонимдер және басқа да анықтамалардың әркелкі оқылуына байланысты, оларды пайдалану жөнінде түсініктеме бергенбіз. Орфографиялық атауларда, топонимдерде және тіпті этнонимдерде түпнұсқа, негізінен қыпшақ есімдері мен атауларын қолдануға тырыстық. Қазіргі тілдердің ішінде татар, қазақ, ноғай және қарақалпақ тілдері ежелгі түрік-қыпшақ тіліне жақын. Жалпы, түркі тілінің грамматикасы өте консервативті, тіпті Білге қаған немесе Күлтегін жазбаларын қазіргі заманғы ұйғыр, қырғыз, өзбек, түрік немесе қазақтың баласы ешбір қиналыссыз оқуына болады.

Ғалымдар Шыңғыс ханның дәуірлеуінен бастап, қайтыс болғанға дейінгі аралықты зерттеп, азды-көпті мерзімдеу және оқиғалар хронологиясын танып білді. Сондай-ақ, үш жүз жыл ішінде тарихта маңызды рөл атқарған Жошы, Бату, Берке, Ноғай, Өзбек, Жәнібек, Тоқтамыс, Едіге, Темір, Ұрұс хан және т.б. секілді ең көрнекті саяси қайраткерлер белгілі. Ұлы Ұлыстың -Алтын Орда заңды қалыптасуы кезінде Талас құрылтайының өткізілуі жөнінде (1269 ж.) соншалықты дау-дамай болмаған, әлбетте, осы маңызды жиналыс өткізілген жер жайында ғана пікірталастар болып жатады.

Сонымен қатар, шайқас орындары әлі күнге дейін айқын емес, өйткені содан бері 700 жылдан астам уақыт өтті және жер атаулары мүлдем өзгеріп кеткен болатын. Оқиға барысындағы негізгі кейіпкерлердің ат-

---

1 Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. Алматы: Ғылым, 1993.

тары да нақтылауды талап етеді. Орда өмірінде тайпалар мен олардың көсемдерінің рөлі үлкен болған, алайда рулық-тайпалық құрылым өте нашар зерттелген.

Революцияға дейінгі кезеңдегі В.О. Ключевский, Н.И. Костомаров, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.И. Веселовский, И.Н. Березин, В.В. Бартольд сияқты ғалымдар ар-ожданна орай біршама әділетті болғанын айту керек. Біз, әрине, олардың еңбектерінде бірқатар өзіншілдік кемшіліктер болғандығын білеміз, бірақ олардың зерттеу жұмыстары терең және әртүрлі негізде жүргізілген.

Ұлық Ұлысты зерттеу тарихы әлдеқайда күрделі болып шықты. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыпты неғұрлым толық ұсыну үшін автор КСРО-ның бірқатар көрнекті шығыстанушы ғалымдарының еңбектерін пайдаланды. Осының нәтижесінде құнды дереккөздер мен жәдігерлер ғылыми айналымға енгізілді, өткен дәуірдің көптеген әдебиеттері – моңғол, көне славян, парсы, түркі, араб тілдеріндегі әртүрлі авторлардың еңбектері талданды. Мүмкіндігінше археология, нумизматика және тіпті антропология деректері де пайдаланылды.

Ресей ғалымдары – Б. Д. Греков пен А. Ю. Якубовскийдің<sup>1</sup> іргелі еңбектеріне, соның ішінде, осы тақырып бойынша белгілі мамандардың жинағы қамтылған «На стыке континентов и цивилизации... (Из опыта образования и распада империй X-XVI вв.)» (М., 1996) кітабына автор айтарлықтай жиі сүйенеді. Сонымен қатар, әскери эмигрант-тарихшы, ұлты қалмақ Эренжан Хара-Даван<sup>2</sup>, тарихшы ғалымдар М. Г. Сафарғалиев<sup>3</sup>, М. Худяков<sup>4</sup>, сияқты авторлардың жеке жинаққа енген мәліметтері үнемі пайдаланылды. Онымен қоса, автор «Фра Мауро карталары» деп жалпылама аталатын венециялық қорлардың карталарын кеңірек пайдаланды.

Арнольд Тойнби (Англия), Арминий (Герман) Вамбери (Венгрия)

---

1 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.: Богородский печатник, 1998.

2 Хара-Даван Э. Чингисхан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи / Послеслов. Л.С. Бурчиновой. 2-е изд. Элиста: Калм. кн. изд-во, 1991.

3 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // На стыке континентов и цивилизаций...: Из опыта образования и распада империй X–XVI вв. / Сост. Муслимов И.Б. М.: Инсан, 1996. С. 277-526.

4 Худяков М. Очерки по истории Казанского ханства. Казань: Инсан, 1991.

және басқалары сияқты белгілі батыс ғалымдарының еңбектерінде Ұлы Орданың өмір сүру тарихы мен ыдырау себептері туралы көптеген материалдар келтірілген. Неміс тарихшысы Бертольд Шпулер осы тақырыпқа жеке монография арнаған, ол өте маңызды және бүгінге шейін өте өзекті болып<sup>1</sup> қалуда. Алдыңғы кезеңдерден айырмашылығы, ғалымдар тақырыпты толық және нақты зерттеу үшін үлкен маңызы бар топонимика, гидронимика туралы мәліметтерді мұқият зерттей бастағанын атап өтуге болады.

Көптеген елдер тарихшыларының бірлесе атқарған жұмыстары бірте-бірте барынша анықталған және тұтас көріністі қалыптастырып келеді. Әзірбайжан, Армения, Грузия, сондай-ақ Өзбекстан, Украина және Польша халықтарының хроникасында Ұлы Ұлыс тарихының әр түрлі тақырыптары қозғалды<sup>2</sup>. Бұл деректер жиынтығы бұрынғы зерттеулерде жеткіліксіз болғандығын ескере отырып, автор осы еңбегінде оларға жиі жүгінеді. Бұл осы аталған елдердің ғалымдарының маман ретінде деңгейінің соңғы жылдары қаншалықты өскенін байқатады.

«Арнайы курсты» дайындау барысында автор зерттелетін тақы-

---

1 Шпулер Б. Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Пер. с нем. яз. и коммент. М.С. Гатина. Казань: Институт истории имени Ш. Марджани АН РТ, 2016; Тойнби А.Дж. Постигение истории. М.: Культура, 1996; Гатин М.С. Немецкие историки о Золотой Орде. Проблемы истории Улуса Джучи и позднезолотоордынских государств Восточной Европы в немецкой историографии XIX–XX вв. Казань: Татарское книжное издательство, 2011.

2 История Узбекистана. Эпоха Амира Темура и Темуридов / Отв. ред. Д.А. Алимова, Э.В. Ргевеладзе. Ташкент: Фан, 2017; Исмаилов Э.Р. Очерки по истории Азербайджана. М.: Флинта, 2010; Караев О.К. Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа. Нур-Султан: Гылым, 2019; Гайворонский О. Повелители двух материков. Т. 1-2. Киев: Майстерня книги, 2009-2010; Всемирная история. Т. 2. Средневековые цивилизации Запада и Востока / Гл. ред. А.О. Чубарьян, отв. ред. П.Ю. Уваров; Ин-т всеобщ. истории РАН. М.: Наука, 2012; История Польши с древнейших времен до наших дней. Варшава, 1995; Восточная нумизматика в Украине. Сб. публ. Ч. III. Улус Джучи, Крымское ханство и сопредельные государства в XIII–XVIII вв. / Отв. ред. К.К. Хромов. Киев: Логос, 2013; Мехтиев Р. Шах Исмаил Сефеви: портрет правителя и воина. Баку: Şərq-Qərb, 2014; История Китая / В.В. Адамчик, М.В. Адамчик, А.Н. Бадан и др. М.: АСТ; Мн.: Харвест, 2007.

рыпқа әлі де болса осы күнге дейін толық енгізілмей келген бай қазақ әдебиетін пайдаланды<sup>1</sup>. Сондай-ақ, кеңестік дәуірдегі және КСРО ыдырағаннан кейін шыққан ресейлік ғалымдардың еңбектерін кеңінен қарастырды<sup>2</sup>. Осы тақырып бойынша бірқатар құнды еңбектер жариялаған татар, украин ғалым-тарихшыларының, филологтарының жұмыстарын бөліп көрсеттік. Автор сондай-ақ, бұл тақырыптың жеке аспектілері ашылған башқұрт, ноғай зерттеушілерінің және Қырым ғалымдарының жұмыстарын пайдаланды<sup>3</sup>.

---

1 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5 т. Т. 2. Казахстан в эпоху позднего средневековья. Алматы: Атамұра, 2010; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост. С.К. Ибрагимов и др. Алма-Ата: Наука, 1969; Марғұлан Ә.Х. Ежелгі қазақтың тайпалары және қазақ хандығының құрылуы Алматы: «Көне Тараз» қоғамдық қоры, 2015; Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть: М.: АСТ, 2007; Юдин В.П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда / Ред.-сост. Ю.Г. Баранова. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Қазақ эпостары. Алматы: Көшпенділер, 2006.

2 Карамзин Н.М. История государства Российского. Т. II-III. М.: Наука, 1991; Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. М.: Богородский печатник, 1998; На стыке континентов и цивилизаций...: Из опыта образования и распада империй X–XVI вв. / Сост. Муслимов И.Б. М.: Инсан, 1996; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / под общ. ред. М.К. Козыбаева. Алматы: Санат, 1996; Иванин М.И. О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е изд. Серия: История Казахстана: исследования, документы. Алматы: Санат, 1998; Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М.: Астрель, 2012; Трепавлов В.В. Тюркские народы средневековой Евразии. Избранные труды. Казань: Фолиант, 2011; Миргалеев И.М. «Черный человек» Мамай // Мамай. Опыт историографической антологии. Сб. науч. трудов / Сост. В.В. Трепавлов, И.М. Миргалиев. Казань: Фэн, 2010; Миргалиев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. Казань: Алма-Лит, 2003.

3 Исхаков Д.М. Тюрко-татарские государства XV–XVI вв. Казань: Татарское книжное изд-во, 2009; Эдиге. Ногайская эпическая поэма / Под ред. Н.Х. Суюновой. М.: Наука; Черкесск: Карачаево-Черкесский институт гуманитарных исследований, 2016; Халим Гирай-султан. Разовый куст ханов, или история Крыма / Пер. перелож. А. Ильми (1909 г.) и

Сонымен бірге, ғылыми орталықтар мен бөлімдер түрінде үлкен ресурстарға ие болған Кеңес Одағының ғалымдарының батыстық әріптестерінен соншама артта қалуының басты себебі неде деген сұрақ туындайды. Мұның себебі партиялық нұсқаулар, әсіресе Татар партия ұйымы қызметінің 1944 жылдың тамызындағы ғылыми зерттеулерді идеологиялық догмалардың тар шеңберіне қуып тыққандығы болатын.

Ұлы Орда (Алтын Орда) сынды осынау алып құрылымның пайда болуы мен қызмет ету тарихы туралы келелі еңбектер идеологиялық цензура алынғаннан кейін жазыла бастады. Татар ғалымдарының бірқатар еңбектері жарыққа шықты; олардың ішінде ең құндысы – Қазан қаласында 2016 жылы басылып шыққан «Золотая Орда в мировой истории» ұжымдық монографиясы<sup>1</sup>. Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Ш. Марджани атындағы Тарих институтында «Золотоордынское обозрение» журналы 2013 жылдан бастап жүйелі түрде шығарылып келеді, онда маңызды ғылыми тақырыптық мақалалар жарияланады.

Ұлы Орданың және Қазақ хандығының тақырыбы бойынша отандық ғалымдар айтарлықтай жұмыстар жариялады. Авторлардың тізімі өте ауқымды, сондықтан біз олардың ең танымал болғандарына ғана тоқталуды жөн көрдік<sup>2</sup>. Соның ішінде қазақ тілінде шыққан кітаптарға кеңі-

---

поясн. К. Усеинова. 2-е изд., испр. Симферополь: РИА «Аян», ИД «Стилос», 2004; Баскаков Н.И. Русские фамилий тюркского происхождения. М.: Наука, 1979; Халиков А.Х. 500 русских фамилий булгаро-татарского происхождения. Казань, 1992; Кидирниязов Д.С. Ногайцы в XV–XVIII вв. (Проблемы политических, экономических и культурных взаимоотношений с сопредельными странами и народами). Махачкала, 2000; Рахимзянов Б.Р. Москва и татарский мир: сотрудничество и противостояние в эпоху перемен, XV–XVI вв. СПб.: Евразия, 2017; Возгрин В.Е. История крымских татар: очерки этнической истории коренного народа Крыма в четырех томах. Т. 1. 4-е изд. Симферополь: ООО «Кара дениз продакшн», 2015.

1 См: Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016.

2 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Центральной Азии. Алматы: Дайк-Пресс, 2001; Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства. Сборник статей. Алматы: Ин-т истории и этнологий им. Ч.Ч. Валиханова, 2016; Қинаятұлы З. Қазақ мемлекетінің және Жошы хан (Екінші басылым). Алматы: Елтаным, 2014; Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы

нен тоқталмақпын.

Ғалымдар анықтаған жаңа материалдар ұлттық тарихтың көкжиегін кеңейтуге және Шыңғыс хан империясының тарихы мен Ұлы Ұлыс тарихы бойынша маңызды құжаттарды айналымға енгізуге мүмкіндік берді. Ғылыми-іздігіру жұмыстарынан басқа, Жошы кесенесі, Сарайшық, Сауран, Сығанақ қалашықтары сияқты маңызды тарихи ескерткіштерді қайта жаңарту жұмыстары жалғастырылып, арнайы туристік бағыттар құрылуда.

Ұлы Ұлысты зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың осы мемлекеттің құрылғанының 750 жыл толуын атап өтуге арналған салтанатта сөйлеген сөзінен бастау алды. Мысалы, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Тараз және Түркістан қалаларында ғылыми конференциялар өткізілді, онда ғылыми зерттеулердің соңғы жетістіктері көрсетілді. Ғылыми конференцияларға қатысушылар тақырыпты зерттеуге әлбетте, көп нәрсе енгізді. Мысалы, бұрын енгізілмеген немесе шым-шымдап енгізілген деректер қолжетімді болды; қазақстандық ғалымдар археология, этнография, популяциялық (адам) генетикасын зерттеу деректерін кеңінен пайдалана бастады.

Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбектері, сондай-ақ оның «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың рухани жаңғыруы» (2017, сәуір) және «Ұлы даланың жеті қыры» (2018, қараша) мақалалары үлкен рөл атқарды. 2000 және одан кейінгі жылдары «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» және «Халық тарих толқынында» мақсатты мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Бұл бағдарламалар Қазақстан тарихын, соның ішінде ортағасырлық кезенді зерттеуде түбірлі өзгерістер енгізді. Ғалымдар Қытай, Иран, Египет, Үндістан, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Герма-

---

(жоғары оқу орындарына арналған оқулық). Алматы: Кітап, 2010; Акимбеков С. История степей: Феномен государства Чингисхана в истории Евразии. 3-е изд. Алматы: Институт Азиатских исследований, 2018; Алпысбес М. Шежире казахов: источники и традиции. Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов. Астана: ИП «BG-Print», 2013; Алтын орданың құрылуынан құлауына дейін. Мақалалар / Аударып құрастырған Н. Қазыбекұлы. Алматы: Рауан, 1998; Исин А.И. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV – XVI вв. Алматы, 2004; Темиргалиев Р.Ж. Ак Орда. История Казахского ханства. Алматы: Аспандау, 2019.



ния мұрағаттарына барып іздестіру, зерттеу, көшіру, сондай-ақ қолжазбаларды қайтару және оларды ғылыми айналымға енгізу мүмкіндігіне ие болды. Мақсатты конференциялар өткізіліп, онда тақырыптың түрлі аспектілері талданды, сондай-ақ Ұлық Ұлыс тарихы бойынша ғылыми еңбектер жарияланды. Көп жылдар бойы құпиялық белгісімен жасырылған мәліметтер жұртшылыққа әйгілі бола бастады.

БКП(б) ОК-нің 1944 жылғы 9 тамыздағы «О состоянии и мерах улучшения массово-политической и идеологической работы в Татарской партийной организации» және КОКП Татар облыстық комитетінің жұмысы бойынша, оның ішінде 1946 жылғы 21 наурыздағы «Очерков по истории Татарской АССР», оқулықтар мен монографиялар жөніндегі басқа да сорақы қаулылар сынға алынды.

1946 жыл мен 1952 жыл аралығында «Қазақ КСР тарихы» және ғылыми-зерттеу институттары бойынша қабылданған осыған ұқсас қаулылар осы маңызды кезеңді жан-жақты ақиқатты негізде зерттеуді тежеді. 1987 жылғы 1 шілдедегі КОКП ОК «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерді интернационалдық және патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы» («О работе Казахской республиканской партийной организации по интернациональному и патриотическому воспитанию трудящихся») қаулысында тарих бойынша сталиндік догмаларға негізделген артта қалған, мешеу, келеңсіз көзқарастар көрініс алды<sup>1</sup>.

Сталиндік «Краткий курс истории ВКП(б)» негізінде қабылданған бұл қаулылар ғылыми және (объективті) бұрмаланбаған шынайы деректерді іздестіру аясын партиялық, «таптық» (директивалардың) нұсқаулық қондырғылардың тар шеңберіне енгізді. Атап айтқанда, осы қаулылардың негізіне К. Маркс пен Ф. Энгельстің адамзат тарихындағы Ұлы Орданың жағымсыз рөлі, таптық антагонизмдер үстемдігі, осы мемлекеттің феодалдық өндірісі мен паразиттік, келеңсіз масылдық сипаты туралы көзқарастары алынған болатын. Осы қаулылардың догмалары негізінде жазылған мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда далалықтардың бейнесі қысық көзді, қисық аяқты, дүңкиген, озбыр жан ретінде берілетін. Бұл нұсқаулар бүкіл Кеңес одағы елдерінің, атап айтқанда Қазақстанның тарих ғылымының дамуын тежеді және Ұлы Ұлыстың тарихына бұрмаланған көзқарасты қалыптастырды.

---

1 Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК: 1898–1988 / Ин-т марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. Т. 15: 1985–1988. 9-е изд., доп. и испр. М.: Политиздат, 1989.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, академик М.М.Тәжиннің басшылығымен 2013 жылғы 5 маусым мен 25 қыркүйек аралығында болып өткен жұмыс тобының ұлттық тарихты зерделеу мәселелері жөніндегі кеңейтілген отырысы ұлттық тарих көкжиегін тереңдетуде негізгі рөл атқарды. Кеңейтілген жиналыс отырысында қабылданған шешімдер аса өзекті тақырыптар бойынша, соның ішінде Ұлы Ұлыс тарихы бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуге мүмкіндік берді<sup>1</sup>.

Ұлы Ұлыс – Алтын Орда мұрасын зерттеуге Қазақстан Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев ерекше назар аударды. 2019 жылдың 24-тамызында «Ұлытау-2019» Халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде ол, Ұлытау – қазақ халқының алтын бесігі екенін атап өтті. Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған. «Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс. Бұл жұмыстар Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы қажет», – деп мәлімдеді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, ол «Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет», – деп атап өтті. Қазақстан Президентінің осы нақты да, кең мағыналы сөздері арқылы адамзат тарихындағы Ұлы Орданың рөлі мен орнына баға берілді. Және де, ғалымдар үшін, жалпы өркениет тарихымен айналысатын барлық адамдар үшін де Еуразия халықтары мен мемлекеттерінің қалыптасуында елеулі рөл атқарған осынау мемлекеттің тарихына дәлме-дәл және сындарлы қарым-қатынас үшін қолайлы кезең туып, олардың тарихына кеңінен және риясыз көзқараспен қарау мүмкіндігі ашылды.

Сонымен, өткен кезең мәселелерінің күңгірт беттерін айқындаудың уақыты жетті. Өз заманында Әлихан Бөкейхан, Санжар Асфендияров, Жаһанша Досмұхамбетов, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты еліміздің аса көрнекті қайраткерлері, төл орданың және кейінгі

---

1 О модернизации национальной истории «На новом рубеже исторической науки XXI века»: материалы расширенных заседаний Межведомственной рабочей группы по вопросам изучения национальной истории, состоявшихся 5 июня и 25 сентября 2013 года и мнения видных общественных деятелей / бас. ред. Б. Аяган. Алматы: ТОО «Литера-М», 2013.

мемлекеттердің маңызы туралы жазған болатын. Өкінішке орай, олардың барлығы сталиндік қапастарда азапталып, қаза тапты, ал сол кездегі билік олардың еңбектерін жойды немесе естен шығартып, ұмыт қылды.

1970-1980 жылдары Ілияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев және басқа да отандық зиялы қауым өкілдері осы бір аса маңызды тақырыпқа қоғамның назарын тағы да аудара білген болатын. Олар көпшілікті тәнті еткен керемет өнер туындыларын жазды.

Бүгінде, Тәуелсіз Қазақстан жағдайында, біз басқа мемлекеттердің ғалымдарымен бірлесе отырып, өткен тарихымызға қайта оралудың барлық мүмкіндіктеріне ие болып отырмыз. Әлемдік өркениеттің бір бөлігі болып табылатын Ұлы Орданың тарихын әлемге таныту үшін жаңа туындылар мен туристік бағыттардың жаңа кластерлері жасалуға тиіс екенін баса айтамыз..

Жұмысты дайындау барысында автор көрнекті шығыстанушы В. В. Бартольдтің еңбектеріне, атап айтқанда ХХ ғасырдың 20-жылдарында жазылған «12 лекций по истории тюрков» кітабына сүйенген<sup>1</sup>. Белгілі ғалымның бұл еңбегінде сол кездегі еріксіз мәжбүрлеуге байланысты Қазақстан Орта Азияның бір бөлігі ретінде ғана қарастырылады.

Осы дәрісті жаза отырып, ұзақ уақыт бойы көптеген экспедициялардың қатысушысы болғанымды атап өткім келеді. Мысалы, 1976 жылы Алматы мемлекеттік университетінің I курс студенті боп жүріп, ғалым-зерттеуші А.М. Максимованың жетекшілігімен Алматы облысы Талғар қаласының маңында сақ қорғандарын қазуға қатыстым. Экспедиция мүшелері арнайы мөр, «аң-құс стиліндегі» алтын бұйымдар және басқа да құнды материалдық мәдениет заттарын тапқан болатын. Бұл жәдігерлер Самарқан қаласындағы студенттік жұмыстардың аймақтық ғылыми конференциясында ғылыми баяндама жасауға негіздеме болды (1977 ж.).

1976-1977 жылдары белгілі археологтар Кемал Ақышев пен Карл Байпақовтың басшылығымен Отырар, Сығанақ, Ақтөбе қалашықтарында және Оңтүстік Қазақстанның басқа да қалаларындағы қазба жұмыстарына қатысқаным да ұмытылмақ емес. Иван Иванович Копылов пен Алексей Николаевич Марьяшев секілді археолог-ғалымдардың жетекшілігімен Талғар қалашығы мен Жетісудағы жартасқа салынған суреттер зерттелді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша 1993 жылы «Қазақстан мемлекеті: әлеуметтік жүйелердің эволюциясы» атты жеке мақалалар мен авторлық жұмыстар жарық көрді, онда белгілі бір

---

1 Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии. М.: Изд-во «Ломоносовъ», 2015.

зерттеулер, атап айтқанда, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихы, «қазақ» – «казак» этнонимінің қалыптасуы туралы жағдайлар анықталды.

Атқарылған жұмыстардың нәтижелері Қазақстан Республикасының орта мектептерінің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық жазуда, сонымен қатар, «Қазақ хандығының тарихы: қалыптасуы, дамуы, құлдырауы» ұжымдық монографиясын басып шығаруда (2011 ж.) пайдаланылды. Дәрістің осы курсына құрастырған кезде автор ҚР ҰҒА академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың жетекшілігімен жазылған «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» (2010 ж.) деп аталатын еңбекті дайындаған ұжымының құрамында болған жұмыс тәжірибесін саралап шықты, онда автордың тарихи үрдістерді дамытуға деген көзқарастары мен пікірі қабылданған болатын.

Мұнан бөлек осы дәрістің авторы көпшілікке танымал, Қазақфильм студиясының туындылары «Көшпенділер» (2005 ж.) және «Жаужүрек мың бала» (2011 ж.) фильмдерінің кеңесшісі болып табылады. Ал автордың «Рассветы и сумерки в казахской степи» атты авторлық монографиялық басылымы (2014 ж.) және «Әбілқайыр Шайбан – Дешті Қыпшақтың соңғы билеушісі» кітабының (2018 ж.) жарыққа шығуы Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің тарихын тереңірек зерттеуге мол мүмкіндіктер ашты. Қазақ ханы Қасым мен Мұхаммед Шахбахт Шейбанидтың тағдырына қатысты (XV-XVI ғасырлар) жазылған ғылыми еңбек 2020 жылы аяқталған болатын.

Осылайша, жинақталған мәлімет авторға 2020 жылдың басында Ұлы Ұлыстың -Алтын Орда тарихы туралы дәрістер курсына бастауға мүмкіндік берді, өйткені Қазақстанда басқа бірде-бір ғалым осы тақырыпта оқу басылымын дайындауға соншалықты ынта танытпады. Тарихи материалдарды ұсыну барысында біз осы ұлы мемлекеттің пайда болуы мен құлдырауы үрдісінің ізімен жүретін боламыз.

Бірақ жетілдірушілік ісінде шек бар ма? Біз бәрін жеткілікті түрде қамти алдық деп айтпаймыз. Дегенмен, біздің жұмысымыз Ұлық Ұлыстың шынайы тарихын жасауға біршама болса да, үлес қосуы мүмкін. Менің бұл еңбегім тарихқа қызығушылығы бар қалың жұртшылыққа, немерелеріме, әсіресе студенттер мен магистрант, докторанттарға арналған.

## Көшпенділердің өзді-өзі ұйымдаса алуының тарихи рөлі. «Шетке қағылған» өркениет

«...сонда мен оған алтын мүйіз және алтын қамшы – екі жарақ ұстаттым, бұл қос билік дегенді білдіреді».

Авеста ФАРГАУД

Адамзат тарихы ұзақ һәм күрделі. Онда көптеген ұлттар мен мемлекеттер жасады, олардың бір бөлігі жоғалып, «тарихтың құмына көмілді», ал басқалары, керісінше, бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Мектептегі тарих курсында немесе университет қабырғасында, мысалы, Греция, Египет немесе Қытай тарихы, Иудей соғыстары немесе викингтердің теңіз жорықтары біршама егжей-тегжейлі зерттеледі. Сонымен қатар, бұл тайпалар мен халықтардың дүниежүзілік тарихқа қосқан үлесі де жан-жақты түсіндірілген.

Өркениет тарихында біз Еуразия көшпенділерінің оқшауланған, ұмытылған өркениетін еске алу қажет деп есептейміз: олардың мәдениеті, тарихы мен тұрмысы тарихшылар тарапынан әлде де елеусіз қалып отыр. Ал көшпелі қоғамның әсіресе көне сақтар мен түріктердің мәдениеті мен әскери дәстүрлерінің негізін игермей, Шыңғыс хан империясының тарихы мен Ұлы Ұлыс тарихын меңгеру де, түсіну де мүмкін емес.

Көшпелілер өміріндегі маңызды жаңалықтар көптеген отырықшы халықтардың тұрмыс-тіршілігінде қолданысқа анық енгізілді, сонымен бірге, алыс қашықтықтағы елдерді бағындыру, әйгілі де, керемет жеңістерге қол жеткізу шеберлігімен әлемді таңғалдырды. Ежелгі дала тұрғындарының әскери ұйымына тоқталар болсақ, біздің ойымызша, сол кезде даму жолына түскен орыс мемлекеті оның кейбір элементтерінің көшірмесін алған. Империяның елтаңбасындағы әйгілі екі басты самұрық, бұншықтар айдары Ұлы Ұлыс, яғни Алтын Орда көшпелілерінен алынған көшірменің айғағы іспеттес.

Қайталап айтарымыз: бүгінге күнге дейін көшпенділер тарихы көрші елдер авторлары құрастырған жағымсыз стереотипті қалыпта қарастырылып, далалықтың бейнесі озбыр ретінде көрсетіліп келді. Мүмкін, әлеуметтік құрылымның кейбір параметрлеріне сәйкес, көшпелі өмір салты ширақтық пен қозғалыста болуға көбірек бейімдеген болар. Алайда, басқа елді жаулау мен мәдениетсіздік тек көшпелілерге ғана тән деп

айыптауға ешқандай негіз жоқ. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, парсылар, арабтар, ағылшындар, славяндар немесе, германдықтар өз көршілерін не ағайындарын жайпап соғыс жүргізуде көшпелі ғұндардан немесе аварлардан кем түспеген. Көшпелілер әлемі өзіне тән өзіндік ерекшелігімен, өзіндік мәдениеті мен мызғымас дәстүрлерімен жаһандық өркениеттің бөлігі екенін түсіну керек! Олар өздерінің әлеміне табиғаттың бір бөлігі ретінде қарады және олардың дүниетанымының көрінісі ретінде «аң стилі» деп аталатын өнердің пайда болуы және әсем «алтын жаракты жауынгер» киімін жарактау болды.

Ежелгі түріктердің тарихи жады өте мығым боп келеді. Олардың барлығы жараланған жас жауынгерді құтқарған аңыздағы көк бөріден пайда болған. Түркі тайпаларының аңызы бойынша, сауыққан жауынгер Құртқаға үйленіп, «ТҮРКІ Елі» атанған жаңа түркі халқының негізін қалады. Моңғолдардың ежелгі атасы туралы (Алан Гоа және Бөрте шене, марал мен қасқыр жайындағы аңыз) осындай бірнеше нұсқалар да кездеседі, бірақ осы екі жайт өзара өте ұқсас болып келеді. Италиялықтар, мысалы екі баланы емізіп асыраған ұрғашы қасқырды пір тұтып, қастерлейді. Сонда түркі халқы өз тотемінен неге безуі керек?

Кеңестік ғылым Еуразия көшпенділерінің өркениетін бірлі-жарым кездесетін жағдайлардан басқа артта қалған жағымсыз бейнеде бағалап келді. Кеңестік тарих мектебінің (доктриналарына) ғылыми іліміне сәйкес көшпенділер «феодалдық» деп аталатын қоғамда өмір сүрген. Алайда, олардың құрылымына тән көбінесе әскери көшпелі демократиялық басқару болған деген ой туындайды. Көшпенділер (патриархалдық және рулық байланыстардың үстемдігі тұсында) ұзақ жорықтарға төзімді қатал тәртіпке үйретіліп, спарталық рухта тәрбиеленген керемет шабандоздар болатын. Олар ширақ қимылдап, қысқа уақыт ішінде өте үлкен қашықтықты бағындыра алатын. Түркі-моңғолдар бейбіт уақытта өз іс-әрекеттеріне еркін бола отырып, қауіп немесе әскери жорықтар жағдайында өзінің билеушілеріне мүлтіксіз бағынышты болды. Ал Көсем – Хан болып сайлану үшін шығу тегі жеткіліксіз болып саналды. Сонымен қоса шайқастарда, жекпе-жекте, іс-әрекеттерде, байлықта, шешендік өнерде немесе сот істерінде сайланған әмірлер мен хандар қарсыластарынан өз басымдылығын үнемі дәлелдеу қажет болды.

Арнольд Тойнби өзінің «Постижение истории» («Тарихты ұғыну») атты еңбегінде: «Егер егіншілікті тастап, далада өз позицияларын сақтап қалған көшпенділердің өркениетін отырықшы ағайындарының өркениетімен салыстырсақ, онда көшпелі өмір салты бірнеше бағытта ерек-

шеленетінін атап өтеміз. Біріншіден, жануарларды қолға үйрету – бұл өсімдік өсіруден гөрі биігірек өнер, өйткені бұл адам ақыл-ойының салтанат құруы және үйретуге көнбейтін, қыңыр материалға өзінің әмірін ырықсыз таңу. «Қой бағу – жер жыртқаннан гөрі әлдеқайда мықты шеберлік және осы ақиқат тұжырым сирия мифологиясының танымал бір үзіндісінде кездеседі»- деп, атап айтқан<sup>1</sup>.

Бұл жағдайда А. Тойнби отырықшы халықтар мен көшпенділердің мәңгілік (антагонизмі) үйлесімсіздігі ретінде қасиетті кітаптардан алған «ағайынды Қабыл мен Әбіл» туралы мысал келтіреді. ХХІ ғасырда Еуропа ғалымдары жылқының қолға үйретілуі қазақ даласында пайда болды деген бәтуаға келді. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында орналасқан «Ботай» (профессор В. Зайберт) тұрағының қазба жұмыстарының нәтижелері осы пайымдаудың негізгі материалы болып табылады. А.Тойнби әлгі сөзін жалғастырады: «Көшпелінің өмірі – бұл адамның икемділігінің жеңісі... Жылдың кез-келген уақытында баққан малын тақыр да қытымыр даланың табиғи өсімдіктерімен асырау үшін ол өзінің өмірі мен маусымдық қозғалысын осыған мұқият бейімдеуі керек болған»<sup>2</sup>.

Орта ғасырларда көшпенділердің тұрмысында маңызды өзгерістер орын алады. Мысалы, көшпенді түріктер атқа салт мініп жүру техникасын жетілдіруде – қатты ер-тоқым мен үзеңгіні енгізді, сол арқылы көшпелілердің алғашқы серігі – атты жабдықтау ісі аяқталды. Көшпелілердің тағы бір маңызды жетістігі – бұрынғы шатырдың орнына б. з. І мыңжылдығының ортасында ыңғайлы да жылы киіз үй құру, ал оның құрылымы бізге дейін өзгеріссіз жетті. Жаңа тұрғын үйдің артықшылығы сол заманда айқын болды: киіз үйлер тез жиналып, тез арада қайта құрылды, сонау ерте заманда көшпенділер қолданған қымыз, айран, құрт, қарынға салынған май секілді азық түрлері, бал, алма да бізге, іс жүзінде мыңдаған жыл бұрынғы түрінде жетті. Ал Қазақстанның бұрынғы астанасы – Алматы атауы басқа тілдерге «алманың мекені» немесе «алманың атасы» деп аударылады. ХІV ғасырдың 80-90-жылдарында әмір Темірдің сарайында ұзақ уақыт өмір сүрген Г.Клавихо сарайда жемістер, қант және тіпті шарап шектеусіз мөлшерде берілетінін жазады. Бұл жағдай парсы, қытай сурет салу өнерінде көрініс тапқан.

Көшпелілер ислам діні тыйым салған тағамдардан басқа, ақуызды нәрлі азықпен тамақтануға тырысты. Сондай-ақ, олар үнемі сүт өнім-

---

1 Тойнби А. Постигение истории. М.: Культура, 1996. С. 151-152.

2 Там же. С. 152.

дерін молынан қолданды. Айтпақшы, бүгінде «йогурт» жасау технологиясын көшпенділер ойлап тапқан, қазіргі американдық шеберлер оның жетілдірімін шарықтатты. Ақуыз өнімдерін үнемі қолдану далалықтарға әрдайым жақсы дене қалпында болуға мүмкіндік берді. Бірақ жорыққа не саяхатқа шығарда олар алыс жолда ұзақ сақталатын тағам өнімдерін қолданды.

Көшпенділер Еуразия құрлығының тарихында орасан зор рөл атқарды. Әлі күнге дейін кең сахара төсінде тұрған тас балбалдар – Енесайдан Дунайға дейінгі аралықтағы ескерткіштер оларды еске салады. Олардың көпшілігі ислам немесе христиан діні басым болған кездері, сонымен бірге, тың жерлерді игеру кезеңінде қираған.

Көне көз Тарих- көшпелі тайпалар одағының ежелгі мемлекеттерді бағындырған көптеген жарқын жеңістерінің куәгері. Мысалы, ежелгі ғұндар Рим империясының ұзаққа созылған жантәсіліміне, көшпелі арабтар – Иран сасанидтерінің тарихына соңғы нүкте қойды. XI ғасырда Кіші Азия аумағында болған түрік-селжүктері, қаусаған Византиядан үстем болып шығып, оның халқына жаңа тыныс әкелді. Көшпенділердің қысқа мерзім ішінде орасан зор аумақта, топтасқан және көпұлтты мемлекеттер құра алғаны таңғаларлық.

Көшпенділер ерлердің киімдерін үстінгі және астынғы деп, екіге бөлген, сондықтан атқа міну ыңғайлы болды. Олар сауытты оңай тесетін жебенің металл ұштарын ойлап тауып, ат пен шабандоз үшін қорғаныс сауыттарын қолдана білген.

Осы көшпелілер өркениеті арасынан Шыңғыс хан империясы, Жошы ұлысы және Ұлы Ұлыс -Алтын Орда ойып тұрып, орын алады. Соңғы ширек ғасыр ішінде әлемдік шығыстану тарихында Шыңғыс хан империясы құрылуының мән-жайы, оның құрылымы, жаулап алған елдердегі хандардың саясаты, ортағасырлық жаһандық үдерістердегі түркі-моңғолдардың рөлін зерделеу айтарлықтай ілгері жылжыды; бұрын пайдаланылмай келген дереккөздер айналымға енгізілді, зерттеудің ең заманауи жаңа құралдары іске қосылды.

Батыс зерттеушілерінің (А. Тойнби, Б. Шпулер) есептеуінше, Ұлы Орда жаулап алуларының әлемдік тарихи үдерістерге ықпалын бағалау – қарастырылып отырған мәселенің ең маңызды жағы. Олардың пікірінше, түркілер мен моңғолдардың әлемдік тарихқа қосқан басты үлесі – мәдени және сауда алмасуын дамытуда қолайлы ортаның құрылуы. Қысқа уақыт ішінде елдер мен өркениеттер арасындағы кедергілер жойылып, тауарлар мен идеялардың қуатты ағынына жол ашылды. Орда-



ның (моңғол) жаулап алуы көбінесе табиғи (катаклизмдермен) жойқын апаттармен – дауыл, құйын, боранмен салыстырылады, олар ірі (масштабты) көлемді көші-қон үдерістерін, мәдени байланыстарды тудырды, космополиттік? қондырғыларды қалыптастырды. Азиялық (моңғол) жаулап алулардан кейін Ескі әлемде, яғни Еуропада, халықаралық жағдай түбегейлі өзгерді, көптеген зерттеушілердің айтуынша, ортағасырлық жаһандану орын алды<sup>1</sup>.

Моңғолияда өскен белгілі қазақ тарихшысы Зардыхан Қинаятұлы былай деп көрсетеді: «Моңғол империясының тарихы – бұл бүкіл әлемдік тарихтың дәуірі, оның негізін қалаушы Шыңғыс қаған – әлемнің тең жартысын жаулап алған, бүкіл еуразиялық дала жүйесін тұтас саяси ағзаға айналдырған, күшті әскери ұйымы, берік әлеуметтік-саяси және коммуникациялық жүйесі бар ерекше тұлға. Шыңғыс хан империясын мәнінде жаһандық маңызы бар құбылыс болды, сондықтан ол өзіне кең ауқымды тәсілмен келуді қажет етеді». Шыңғыс қағанның тарихи рөлін, оның қызметін оның дәуірінен бөлек қарастыруға болмайды. Ол – толығымен, дәлірек айтсақ, күш, қатыгездік пен қантөгіске негізделген орта ғасырлар дәуірінің «өнімі». Ол өз заманын осылай қып жасаған емес еді, керісінше заманы Шыңғысхан сияқты адамды қажет етті, сондықтан оның барлық іс-әрекеттері көп жағынан өз дәуірінің туындысы болып табылады. Жанжал мен қақтығыстарға араласып, ол өз халқын біртұтас және орталықтандырылған жағдайда біріктіре отырып, өзін-өзі құртудан құтқарды. Әрине, басқа жағдайларда, басқа елдердегі сияқты, басқа уақытта да орталықтандырудың қарсыластары аяусыз жойылды. Шыңғыс қаған бұл (процестердің) үдерістердің жетекшісі болып, шешім қабылдауға мәжбүр болды және көптеген ғасырлар бойы олар үшін жауапкершілікті алды. Оның қызметі жағымды да, жағымсыз да нәтижелерге әкелді, демек оның көп қырлы тұлғасын бағалау екі жақты және қайшылықты болды, кейде бұл уақыттың конъюнктурасын ғана ескерді»<sup>2</sup>.

Біздің қандай да бір халықтың тарихын дәріптеу ниетіміз жоқ, өйткені соғыс атаулы әрқашан барлық адамдарға азап әкеледі. Бұл қоғам да мінсіз емес және мазасыз еді: соғыстың барлығы оған игілік әкеле бермеді. Бірақ көшпенділер басқа әлемнен оқшауланбай, егіншілік қауымы мәдениетімен тұрақты байланыста болып отырған. (Алайда, солтүстік-

---

1 Там же. С. 29.

2 Кинаятұлы З. К переосмыслению монгольской эпохи в истории Казахстана // Отан тарихы (Отечественная история). 2003. № 1. С. 34-45.

тегі әлдебір мемлекет «серкесінің» печенегтер мен қыпшақтардың жаугершілігін «COVID-20»-ға теңей сөйлеуі өте ерсі болды және көпшілікті екі ұдай етті. Әлгі аты аталған, әлдеқашан сүйегі қурап қалған көне халықтар мен вирустық індет арасында қандай байланыс болуы мүмкін?!).

Бірақ мұндай қарым-қатынастардың пайдасы өзара тиімді болды деп санау да керек. Нәсілдер мен халықтардың араласуы болып, тарихи аренаға басқа адамдар қоғамдастығы, ұлттар мен мемлекеттер келді.

Көшпелілердің төңірегіндегі бірегей әлем мен өмір салты әлі күнге дейін аз зерттелген дүние болып отыр. Олар негізінен көк Тәңірге табынды. Мұсылмандықтың таралуына орай олардың бір бөлігі исламды қабылдады, басқалары буддизмге бет бұрған. Шығыстанушы ғалым Н.Н.Крадин «Империя Чингис-хана в новых западных исследованиях» атты еңбегінде моңғолдардың діни көзқарастары төңірегінде ғана емес, сонымен бірге Алтын орда халқы туралы пікірталастарға талдау жасайды. Ол былай деп жазады: «Моңғолдардың діни толеранттылығының табиғатын зерттеу барысында оның көптеген факторларға: моңғолдардың әлемді жаулап алудағы «көктің мандаты» туралы идеяларына, әлемдік діндерге стратегиялық қызығушылықтың болмауына, билеушілердің жеке ниеттері және жаулап алынған халықтардың саяси элиталарының арасындағы бірлікті үзбеуге деген ұмтылысқа байланысты екендігі анықталды. Дж. Флетчер өзіне, моңғолдар не себептен көп діннің арасынан исламды таңдады, деген сұрақ қойды. Содан ол, ислам – бұл жауынгерлер мен саудагерлердің діні, ол көшпелілер үшін аса қолайлы болды, деген түйінге келді»<sup>1</sup>. Шынында да, Шыңғысхан мен оның балалары XIII ғасырда қалыптасқан буддизм, христиан немесе ислам сынды әлемдік діндердің барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тырыспағаны таңғаларлық жайт. Ал діни ахуал оның немерелерінің тұсында толығымен өзгере бастады.

Шыңғыс хан империясының бағынышты әскері мен халықтарының түркі құрамдастары айтарлықтай көрнекті болды. Бұл түркілер бір кездері Тынық мұхиты жағалауларынан Қара теңізге және Дунайға дейінгі аралықта созылып жатқан ұлан-байтақ Түрік қағанаты халқының мұрагерлері мен ұрпақтары болатын. Түркі тайпаларына жататын оғыздар мен қыпшақтар VIII-IX ғасырларда исламды қабылдап, бірлі-жарымдары болмаса, негізінен мұсылман болған, олар Шыңғыс ханның жаулап алуы кезінде де мұсылмандар болып қалған. Сондай-ақ, Шың-

---

1 Крадин Н.Н. Империя Чингис-хана в новых западных исследованиях // Вопросы истории. 2010. № 5. С. 10-21.

ғыс ханның немерелерінің аз ғана бөлігінен басқасы, негізінен діндар мұсылман еді. Осыған байланысты Ұлы Ордаға бағынышты халықтың ешқашан мұсылмандықтан қол үзбегендігіне таңғаларлық ештеңе жоқ, мұсылмандықты қабылдау әсіресе Өзбек ханнан кейін күшейе түсті. Байкал бойындағы ормандарда өмір сүретін ойраттар, халхалар, танғұттар, шығыс тайпалары ламаизмды ұстанса, зороастрлардың жекелеген ошақтары Иранда немесе қазіргі Памирде қалды. Славян халықтары мен молдавандар Христосқа табынды, ал иудаизм ізбасарларының ұйымы Қырымда сақталған.

Ұлы Ұлыстың (Алтын Орда) гүлдену дәуірінде көшпелілер өркениеті дамуының биік шыңы және дағдарысының басы болды. Осы кезеңде түркі және славян субмәдениеттері әлде де тығыз жақындастырыла түсті. Бірақ XIV ғасырдың екінші жартысы қуатты мемлекеттің құлдырауымен сипатталады. Орда хандары бір-бірімен үздіксіз соғысып, көршілердің баспаналарын талқандап, мал мен адамдарды айдап әкетуді жиілетті. Таусылмайтын дау-жанжал, қақтығыстардан шаршаған бүтіндей рулар өз рубасы немесе әмірлерінің басшылығымен тыныш қалалар мен өңірлерге кете бастады.

Көптеген алтынордалық мырзалар Мәскеу, Тверь, Смоленскіге қарай көшті, осылайша, Чаадаев, Тимирязев, Тургенев және т.б. жаңа әулеттік фамилиялар бастау алды. Мындаған көшпелілер Кавказға, Мысырға, Иранға қоныстанды. Бұған айқын мысал есебінде Жалайырлар мемлекетінің, қазіргі Ауғанстан аумағында хазарлардың пайда болуы және қоныс тебуін, 40 мыңға жуық қыпшақтардың Кавказға баруы және олардың Балқан-Болгария мен қазіргі Румыния жеріне енуін айта аламыз.

Көшпелі шаруашылық жүргізу жүйесі, дәстүрлі өмір салты XIV ғасырға қарай күшті сыннан өтті. Бұл дағдарыстың ең айқын көрінісі көшпенділердің таусылмайтын өзара соғысы болды: Ноғай Тоқтамен, әмір Темір Тоқтамыспен және сонымен бірге, Баязитпен шайқасты. Бұл көшпелі және дала халықтарының шаруашылық өмірі мен мемлекеттік ұйым жүйесін толығымен шарпыған дағдарыс болды.

Ұлы Ұлыс империясының (Алтын Орда) айтулы бір жетістігі – оның өзі күйрей келе, Еуразия аумағында пайда болған көптеген жаңа халықтарға өмір бергені даусыз шындық. Тайпалардың өзара араласуынан жаңа мемлекеттер, жаңа этностар қалыптасты. Ұлы Орданың өзара тартысқа, экономикалық, саяси және діни бөлініске толы «бүліншілік жылдары» XV ғасырда оны ыдыратып, жаңа мемлекеттердің пайда болуына әкелді: Ресей мемлекеті, Қазан, Астрахан, Қырым, Сібір ханды-

ғы...Л.Н. Гумилевтің пікірінше, орта ғасырлық заманды аяқтау кезінде шығыстық, қазіргі кездегі КСРО территориясының азиялық бөлігінің түрік-парсы халықтары, ауыр сынақ кезеңін бастан кешірді<sup>1</sup>. Жалпы, Л.Н. Гумилев жаңа анықтамаларды енгізе отырып, этногенез сатысын егжей-тегжейлі сипаттайды. Бір қызығы, Л.Н. Гумилев нөмірленген «дәптерлерді» құрастырды, онда ол Батыс, Ежелгі Ресей, Шығыс және Ұлы Орда арасында салыстырмалы талдау жүргізеді. Автордың бұл (моделін) салыстырмалы үлгісін қабылдау-қабылдамауыңыз өз еркіңізде, бірақ ол нақты мысалдармен халықтар мен мемлекеттердің көтерілуі мен құлдырау кезеңдерін шебер көрсетеді. Ол ұсынған хронологиялық кестелерде Ордадағы азаматтық шиеленістер, шайқастар мен биліктің әлсіреуі айқын көрінеді.

Қоғамдық белсенділік төмендеді, көрінеу (прогрессіз) ілгерілеусіз экономика дамуын жалғастыра берді, өзара тартыстар тоқтамады, елдегі саяси билік әлсіреді. Алайда бұл басқа жаңа сапаға көшер алдындағы этностың кеселі болатын. Сол кезде ежелгі тайпалық құрылымдардың орнына жаңа халықтар мен қауымдастықтар тарихи аренаға шықты.

Көшпенділердің жазу-сызуы болмаған, жердің қадірін білмеген деген жаңсақ ұғым бар. Бұл мүлдем олай емес. Қауымдық иелікте болғанына қарамастан, жер әдетте ру арасында дәлме-дәл бөлінген және кезкелген меженің бұзылуы қанды қақтығыстарға әкеп соқтырып отырған. (Ертеде, мысалы, қазақ арасында туындаған қақтығыстардың негізгі себептері негізінен, жерге байланысты жанжалдар – «жер дауы», сондай-ақ біреудің басыбайлы атастырылған қалыңдығын алып қашу мен жесір қалған әйелдердің мұрагерлік құқығына байланысты – «жесір дауы» болып саналады).

Еуразияның көшпенділерінің өз заманына сай біршама үйлесімді, қатаң реттелген және өте икемді жер иелену жүйесі болды. Соғыстар көбінесе, жаңа жерлер мен байлықтарға ие болу мақсатында жүргізілді. Бұдан басқадай, көшпенділік бір орыннан келесі орынға ретсіз сапырылыса көшу емес, әдетте, қағида бойынша қатаң белгіленген аумақ аясында жүзеге асады. Сонымен қатар, көшпелі мемлекеттер өз аумақтары шегіне көптеген қолөнер және сауда қалаларын енгізіп, осылайша өздеріне тіршілікті қамтамасыз етудің икемді және тиімді жүйесін құра білді. Көшпелі халықтардың қосқан үлесіне нақты баға республиканың Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты

---

1 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли / Под ред. В.С. Жекулина; [Вступ. ст. Р.Ф. Итса]. 3-е изд.

еңбегінде берілді. Н.Ә. Назарбаев металл балқыту, жылқыны қолға үйрету, салт аттының мәдениеті, алтын жауынгер бейнесі сияқты негізгі нәрселердің, көшпелілердің тарихтың ортақ қазынасына салған инвестицияларының арқасында адамзаттың меншігіне айналғанын айтады.

Дегенмен, XIII ғасырдың басында Еуразия көшпенділері іштей біртұтас ұйымдасқан мемлекет бола алмады. Тіл мен дәстүр жағынан ұқсас бола отырып, олар діни нанымдарына қарай бөлінген. Мүмкін, оларды біртұтас ту астына біріктіре алатын мықты басшы керек болған шығар?

Мұндай адам Есугейдің ұлы Темірші (Темүжін) болды. Оған туған кезінде «Темір» сөзінен шығып, кейіннен қытай транскрипциясында «Тэмужин» деп аталған есім берілді. 1206 жылы Ұлы Құрылтайда ол Ұлы Қаған болып сайланып, «Шыңғыс хан» деген жаңа ат алды. Түркі тілдерінде Шыңғыс – «биік шың», «шексіз» немесе тіпті «күдіретті» деп те аударылады.

Кейінірек, Еуразия кеңістігіндегі тарихтың бетбұрыс кезеңінде, оның тікелей ұрпақтары әрдайым елеулі рөл атқарды. Адамзаттың бұрын-соңды тарихында ешбір әулеттің мұндай ұзақ және маңызды рөл атқарғаны есімізде жоқ.

### **Тарихи дерек ретіндегі жазбаша және ауызша аңыз- (шежіре). Шыңғыс хан империясы мен Ұлы Ұлыс – Алтын Орда тайпалары**

Орталық Азия халықтарының көптеген тарихи оқиғалары ауызша берілетін халық аңыздарында, генеалогиялық аңыздарда және мәтіндерде – ауызша және жазбаша «шежіре» түрінде көрсетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған. Осындай жағдайда бір оқиғалар ұмыт қалып, қандай да бір (фактілер) деректер жойылып кетіп отырған. Бірақ бұл дереккөздер қазақтардың этникалық тарихы мен этнографиясын зерттеушілер арасында бұрыннан белгілі болатын. Мұндай қауым өмірінің ежелгі (аспектілерін) көріністерін XIX ғасырда еуропалық ғалымдар американдық үндістер этнографиясының негізінде терең зерттеген сияқты.

Қазақстанды мекендеген тайпалар туралы қысқаша мәлімет ежелгі түріктердің тас бедерлерінде және руна жазбаларында кездеседі.

Қазақ «шежіресіне» деген қызығушылықтың қазіргі кездері айтарлықтай өскені байқалады. Қазақ мемлекетінің тарихы бойынша жазба дерек көздерінің жетіспеушілігін көбінесе ауызша халық аңыздары мен шежіре толықтырады. Шежіре – Еуразияның көптеген түркі-мұсылман

халықтары үшін тарихи аңыздарды жеткізудің жүйелі ауызша дәстүрі, бұл, әсіресе, көшпелі өркениет өкілдері – қырғыздар, башқұрттар, алтайлықтар, қарақалпақтар, ноғайларға тән; дегенмен, қазақ халқында ол толық сипатқа ие болды. Әдетте, шежіре өткен уақыттың аңыздары мен тарихи нышандарын сақтап қана қоймай, сонымен қатар өнердің ерекше туындысы болып табылады, онда маңызды тарихи ақпарат әсерлі де, біршама шынайы беріледі. Шежіре айтыс ақындарының ауызша сайысы кезінде (сюжеттердің) оқиға желісінің дереккөзі мен негізі ретінде жиі қолданылады.

Ауызша ақпарат көздері туралы көбінесе теріс, мифологиялық түсініктер кездеседі. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, жалған ақпарат, әсіресе, егер оларды мемлекет пен белгілі бір саяси күштер қуаттайтын немесе күштеп таңатын болса, жазбаша деректерде әлдеқайда көп болуы мүмкін.

«Шежіре» ұғымы ежелгі түркі кезеңінен бастау алады және алғаш рет Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде аталады. Сөздікте бұл ежелгі термин түркілік диалектіде оғыздардың «сежиле» сөзіменен берілген. Махмұд Қашғари ежелгі түркі тарихы бойынша, ауызша генеалогиялық дәстүрді дерек ретінде кеңінен қолданған алғашқы ғалымдардың бірі болып саналады.

Қазақ хандығының, Моғолстанның алғашқы тарихнамашысы Мұхаммед Хайдар Дулат (Дұғлат, Дулати) «Тарих-и рашиди» еңбегін жазарда генеалогиялық аңыз деректерін белсенді қолданды. Сонымен қоса, моғалдар, қазақтар мен өзбектердің ауызша генеалогиялық дәстүрді ата-бабаларының өткен өмірінен мағлұмат алу құралы ретінде қолданатынын атап өткен болатын. Орта Азияның бүкіл аумағы өзіндік бір «транзиттік дәліз» болып есептелді, онда тек тауарлар ғана емес, сонымен қатар жаңа идеялар мен технологиялар үнемі тасымалданды.

Қадырғали Жалайыр өзінің белгілі «Жами ат-тауарих» еңбегінде шежірені тарихи дерек ретінде қолдана отырып, жүйелі түрде баяндап отырған. Далалық аймақтарда мұсылман дінін уағыздаушылар пайғамбар мен оның ізбасарларының іс-әрекеттерін Қазақстан аумағында насихаттау мақсатында, сенімді құрал ретінде дереккөздерді белсенді түрде пайдаланды. Қазақ дәстүріне сәйкес, әрбір бала өзінің «шежіресін» – руын, арғы ата-бабаларын, шыққан тегін білуі тиіс болатын. Ш. Уәлиханов, С. Асфендияров, М. Тынышбаев, М. Әуезов, В. Юдин және т.б. еңбектерінде шежіре кейбір сыни көзқарастарға қарамастан, құнды дерек көзі ретінде қолданыста болған.

Дегенмен, шежіренің барлығы жан-жақты анықталмаған, олардың ішінде, әсіресе, ру тарихы бойынша, қарама-қайшылықтар мен өзіндік ауытқулар (болжамдар) кездеседі. Соған қарамастан, біз олардың құндылығы өте жоғары және маңыздылығы жағынан жазбаша дереккөздерден кем түспейтіндігін баса айтамыз. Шежірені білу рулардың бірігіп, нығаюын, оның тұтастығы мен бірлігін қолдау қызметін де қоса атқарады. Жазу-сызудың және компьютерлік графиканың дамуымен, шежірені зерттеу мен генеалогияны құру – тарихи аңыз мен жадыны сақтаудың тұрақты формасына айналды.

Іс жүзінде көшпелі халықтарда әрбір рудың шыққан тегі мен ұлттық аңызын жетік білетін білгіштері мен түсініктеме берушілері – «шежірешілері» болып, олар мәртебесі бойынша даналарға теңестірілген. Жалпыұлттық салт-дәстүрлер мен тарихи аңыздарды таратушы жыршылар болды. Ноғай және қазақ аңыздарында сол дәуірдің куәгерлері ғана болып қана қоймай, сонымен бірге, XIV-XV ғасырлардағы ірі оқиғаларға куә болып, оны дәріптеген Сыпыра-жырау, Жиренше шешен, Доспамбет, Қотан немесе Асан Қайғы сияқты жыраулар белгілі. Көп жағдайда ауызша аңыз, әңгімелер ақпараттың жазбаша және құжатталған түрлерінің жоқтығын немесе жетіспеушілігін толықтырады.

XVIII-XIX ғасырларда Ұлы Ұлыс байтағында көптеген жазба шежіре пайда болды. Олардың түпнұсқалық мәтіндері ішінара сақталған, бірақ халық арасында олардың неғұрлым кешеуілдеп қалған нұсқалары да таралған.

XIX ғасырда қазақ тарихы мен этнографиясының барлық ірі зерттеушілері шежіре мәліметтерін іс жүзінде белсенді пайдаланған. Мұндай мәліметтер Г.Ф. Миллер, А.И. Левшин, М. Красовский, Н. Харузиннің еңбектерінде де жеткілікті. Н. Аристов пен Г.Н. Потанин тарихи, этнографиялық және филологиялық білімдердің осы бір құнды дереккөзіне ерекше назар аударып, шежіре айтушы жыршыларды көз алдарына елестетіп, өз мүмкіндіктерінше қолдана білді. Өлкетанушылар, саяхатшылар, әдебиетшілер мен экономистер қазақ генеалогиялық мәліметтерін жинастыруда көп жұмыстар атқарды. Ал XIX-XX ғасырдың басында бұл материалдарды Абай, Мәшһүр-Жүсіп, Шәкәрім, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Сералин, Мұхамеджан Тынышбаев және басқа да қазақ мәдениетінің қайраткерлері зерттеп, жариялап отырды.

XX ғасырда осындай көптеген аңыздар қазақ кириллицасының негізінде жазылып, әсіресе, ескі шежірені толықтай қайталайтын және жеке рулар мен олардың тармақтары туралы неғұрлым толық ақпарат

беретін жаңа генеалогиялық тізімдер жасалды.

Түрік-моңғол мемлекеттерінің ортағасырлық тарихы бойынша кез келген жазбаша дерек пен ауызша аңызда (шежіре) рулардың, тайпалардың атаулары берілген көптеген мысалдар келтірілген. Тайпалар мен рулардың аттары тұлғаның белгілі бір руға қатыстылығын білдіруі мүмкін, мысалы найман Кетбұға немесе қият Мамай, немесе олардың әлдебір ел (эль), яғни тайпалық бірлестіктің қандай да бір ханның немесе әмірдің жағына шығуы, я болмаса қарсы болуы жағдайында еске алынып, аттары аталатын болған. Қазақтарда жиі ұшырасатын «төре» институты – Шыңғыс әулетінің әлеуметтік тобы, сондай-ақ «қожалар» да «төре» институтына жатады.

Сонымен қатар, көшпенділер қоғамының осындай ерекшеліктерін, әсіресе, еуропалық зерттеушілердің елемеуі немесе таяз, үстірт білуі көбінесе мәтінге сыңаржақ түсінік беріп, қосымша түсініктеме беруге алып келеді.

Көшпенділер тұрмысындағы, дәстүріндегі және әскери жорықтарға қатысуындағы айырмашылықтар олардың белгілі бір тайпаға жататындығына байланысты болды. Біз болжамдарымызды растайтын көптеген мысалдар келтіре аламыз. Шыңғыс хан империясының, кейін Ұлы Ұлыстың құрамына кірген тайпалардың көпшілігінің шыққан тегі көне заманға жатады. Олардың бір бөлігі, мысалы, дулат (дулу), қаңлы (кангюй), үйсін (уйсун) тайпалары қытай немесе парсы хроникаларында Христос туғанға дейін белгілі болды<sup>1</sup>. Олардың кейбіреулері – қыпшақтар, оғыздар, қырғыздар, ұйғырлар Түрік қағанаты тарихында елеулі рөл атқарды. Тэйжуиттер мен керейттердің ірі тайпалары Есугейдің руына дұшпандық ниетте болды.

Дегенмен де, көптеген тайпалар немесе олардың қалған бөлігі XIII ғасырдың басына дейін, яғни Шыңғыс хан мен оның империясының билігі орнағанға дейін де тарихта белгілі болған. Олардың бір бөлігі өз мемлекеттерін немесе державаларын құрып үлгерді, мысалы қырғыздар (Енисейдегі Қырғыз мемлекеті) немесе ұйғырлар (Ұйғыр идиқұты) сияқты; басқалары бірлестіктер немесе одақтар деңгейінде қалды. Олардың кейбіреулері, қандай да бір себептерге байланысты, жеңілістерден немесе нашар басқарудан әлсіреген болатын. Біз олардың қатарына XIII ғасырдың басында мүлдем бытыраңқы болып, бөлектеніп қалған қыпшақтарды жатқызар едік. Сондықтан да «Дешті Қыпшақ» (Дашт-и Кип-

---

1 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 т. Т. 1, гл. III. Алматы: Изд-во «Атамұра», 1997.



чак) анықтамасы этникалық та емес, тіпті тайпалық та мағына емес, ең алдымен еуразиялық даланың үлкен таралу аймағының атауына ие болды: ежелгі жаужүрек ұраңқайлардың тағдыры одан да қасіретті. Олар түркі және моңғол тайпаларымен араласып, жоқ болды. Ұраңқайлардан шыққан Жебе ноян Шыңғыс ханның, Жошы мен Батудың ең танымал қолбасшыларының бірі болғаны белгілі.

Осы тақырыптар төңірегінде біз назарымызды Шыңғыс хан империясы құрамында болып, содан кейін Ұлы Ұлысқа (Алтын Орда) біртіндеп көшкен және Өзбек ұлысы, Ноғай ордасы мен Қазақ хандығының негізіне айналған тайпалар тарихына аударамыз. Шыңғыс хан империясының тарихына уақыты жағынан неғұрлым сәйкес келетіні – С.А. Козин (1941 ж.) орыс тіліне аударған «Құпия шежіре». Бұдан басқа осы тақырып бойынша маңызды дерек Архимандрит Палладийдің (Кафаров) аудармасы «Шыңғыс хан туралы көне моңғол шежіресі» болып табылады. Жалпы, «Құпия шежіре» аудармалары ағылшын, неміс, венгр, түрік тілдерінде жарық көрді. Бірақ көптеген жағдайларда КСРО-да және Қазақстанда тек көне деректерден алынған үзінділер мен жекеленген оқиға желісі болған, тек соңғы жылдары ғалымдар осы шығармалардың толық көшірмелерін алуға қолдары жетті.

XX ғасырдың соңында, КСРО ыдырағаннан кейін бұл еңбекті Моңғолиядан келген этникалық қазақ Мағауия Сұлтанияұлы қазақшаға аударды. Бұл аударманың ерекше құндылығы сонда, автор моңғол және қазақ, орыс тілдерін, сондай-ақ дәстүр, әдет-ғұрып және тайпалық құрылымды жетік білетін маман болғандықтан, бірқатар пайдалы түсініктемелер жасай алған. Осы аталған тақырыптар бойынша өте ауқымды түпнұсқалық ақпараттар сақталған Рашид ад-Дин еңбектерін қазақ тілінде шығару, зерттеушілер мен тарихқа қызығушылық танытқан адамдар үшін өте құнды болып табылады.

1998 жылы моңғол ламасы Лувсанданзанның белгілі еңбегі «Алтын шежіре» (Золотое генеалогическое предание – Б.А.) қазақ тіліне аударылды. Лувсанданзан бұл еңбегін 1651-1675 жылдар аралығындағы моңғол руларының көне аңыздары негізінде жазды. Академик, ғалым тарихшы Ц. Дамдинсурэн бұл еңбек тікелей Лувсанданзанға тиесілі деген қорытынды жасаған болатын. Ал екі тілді де өте жақсы меңгерген Моңғолиядан келген этникалық қазақ Абай Мауқараұлы осы еңбектің аудармасын жасады. Сонымен, бізде сол жылдардың оқиғалары толық көрсетілген біршама еңбектердің болғанына қарамастан, осы мәліметтердің әлі күнге дейін ғылыми айналымға жеткіліксіз енгізілгендігі, сон-

дай-ақ, зерттеулер мен жеке монографиялардың аз басылымда шыққаны таңғаларлық!

«Құпия шежіреде» татар, керей, меркіт, жалайыр, найман, қоңырат сияқты ірі тайпалар мен тайпалық бірлестіктер туралы неғұрлым толық ақпарат беріледі. XIV-XV ғасырларда қалыптасқан халықтардың құрамына кейінірек осы және басқа да көптеген тайпалар кірген. Алайда «татар» атауы бірте-бірте политонимге айнала бастады. Мысалы, Ұлы Ұлыстың (Алтын Орда) бұрынғы бағыныштыларын XIX ғасырда – кавказдық, далалық, сібірлік, қазандық татарлар деп атаған. Қалғандары қазақ, ноғай, өзбек, әзірбайжан, моңғолдардың, тіпті орыс, белорус және поляк халықтарының (польша, литва татарлары) құрамына кірді.

«Құпия шежіре» хабарламасы бойынша 1206 жылғы Темүжін (Темірші) «Шыңғыс хан» атанған Ұлы Құрылтайға, белгілі тұлғалардан басқа мына тайпалар: «қоңырат тайпасының үш мыңы, бес мың оңғыт, жалайыр Мұқылай» қатысқан<sup>1</sup>. Бұдан әрі қарай, әскери іс-қимылдарға немесе жай ауысуларға байланысты меркіт тайпасы, керей, найман руларының аттары аталады. Ру өкілдерінің қатысуымен болған түнгі шайқастар, некелік одақ жанжалдары, руаралық соғыстар мен тайпалық бірлестіктердің қақтығыстары осы кітаптарда көрсетілген. Тайпаларға жатпайтын, нөкердің әлеуметтік тобы – төлеңгіттер туралы хабарламалар да жиі кездеседі. XIX-XX ғасырға қарай барлық аймақтардың шет-шетінде шашыраңқы орналасқан төлеңгіттер жеке тайпаға емес, халықтың бір бөлігіне айналып болған еді.

10-тарауда ұйғырлар мен басқа да жергілікті халықтар: қарлұқтарды, торғауыттарды бағындырғаны жөнінде ақпарат берілген. 1207 жылы жас Жошы «ойраттардың» көмегімен қырғыз жеріне жетеді. Еді, Иналшы, Алдияр, Ұлыбек (Үлебек) секілді Қырғыз нояндары мен елбасылары Шыңғыс хан мен Жошыға сыйлықтар тарту ете отырып, олардың мемлекетінің құрамына кіру ниеттерін білдіреді. Жошының соғыссыз, шығынсыз сонша халықтарды (тайпаларды) бодандыққа енгізгеніне қуанған Шыңғыс хан олардың барлығын оның қарамағына береді.

Жоғарыда келтірілген мысал- «Ұлы Қаған» – Шыңғыс ханның серіктерінің халықты соғыс арқылы емес, (дипломатиялық) мәмілегерлік тәсілдермен немесе некелік одақтармен бағындыруға ұмтылғандығының дәлелі.

1211-1220 жылдардағы әскери жорықтарда Шыңғыс ханның әскер-

---

1 Моңғолдың құпия шежіресі (XII–XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / Ауд. М. Сұлтанияұлы. Алматы: Өнер, 1998. Б. 142.

лері Қытайдың, Кореяның көп бөлігін бағындырып, содан кейін таңғұттарды, сартауылдарды (Орта Азия), Кавказ, Иран және Түркістан жерлерін жаулап алды. Парсы хронографы Минхадж ас-Сираж Жүзжани, («Әлемді тітіретушіні») «Әлемді дүр сілкіндірушіні» жақтырмайтын көптеген мұсылман авторлары сияқты, бізге оның ауызша портретін қалдырды (Дж. Уэзерфорд). Оның жазуынша, Шыңғыс хан «ұзын бойлы, мығым денелі, сирек сұр сақалды, айқындық, парасаттылық, данышпандық және түсінушілігімен қайран қалдыратын (мысық тәрізді көздері бар?), әділдігімен және мықтылығымен, жауларын жайпағыштығымен ерекшеленетін, қорықпайтын қанды қасапшы, әрі қатыгез еді». Сосын ол оның «перілермен дос» екенін айтады. Автор ханның Бұхараның орталығына кіргенін сипаттай келе: Шыңғысхан ғимараттарды мұқият қарап шықты, ал зәулім ғимаратты көргенде, оның не екенін сұрады» дейді. Қытай шеберлері жасаған қағанның портреті де сақталған. Бір қызығы, Ұлы Қағанның ауызша сипатталған бейнесі Шыңғыс ханның портреттік түрімен сәйкес келеді.

1219 жылы Хорезмшах әскері талқандалғаннан кейін шығыс қыпшақтар Шыңғыс хан империясының құрамына кірді. 1223 жылғы Калкадағы жеңілістен кейін орыс князьдерінің жерлері (тек Новгородтан басқасы) оның орасан зор империясының бір бөлігіне айналды. Орыс князьдері алым-салық төледі және Орданың әскери жорықтарына жиі қатысатын болып шешілді.

Шыңғыс хан билігі кезінде өте танымал тұлға керей (кераит) тайпасынан шыққан Тұғырыл хан болды. Ол керей руының Темүжінге дейінгі билеушісі, сонымен қатар Темүжіннің әкесі Есугейдің досы және үзенгілес серігі болған. Осы Тұғырыл хан ұлы қағанның келешегін жан-жақты қолдап, Темүжіннің қарсыласы – Жамұқаны талқандауда маңызды рөл атқарды<sup>1</sup>.

Лувсанданзан өзінің хроникасының қорытынды бөлімінде Шыңғыс ұрпақтарының тағдыры, олардың дүниенің әр бөліктерінде қоныстанғандығы туралы ақпарат беруге тырысады. Есте қаларлығы, ол Даян ханның бірқатар тайпаларын – орұт, жарғұт, қаршын, кішікті, сақарды атайды. Шамасы, бұл тайпалар жан-жаққа шашырады немесе ассимиляцияланды, мүмкін Қарақорымда қалған шығар. Біз оларды, ең болмағанда, Ұлы Ұлыстың әскерлері ретінде көрмедік. «Кәшіктәне» бөлімшесі, бұл тайпа атауы емес, орданы күзетуші әскер болуы мүмкін.

Хроника авторының тартына жазған мәліметінше, Мұқылайдың ұр-

пақтары Ордосқа қоныстанған, ал татар Шектіқұтлының ұрпақтары татар өлкелерінде өмір сүруі мүмкін.

Жебенің ұрпақтары Ордос аумағына тараған, Қаракер ойраттың ұрпақтары ойраттардың арасында орналасқан. Алайда автор өз мәліметтерін Монғолия және ішінара Жоңғария аралығында шектейді. «Татар өлкесі», бәлкім, сол кезде Алтайдың бөктерінде болған.

1227 жылы Шыңғыс ханның қазасынан кейін маңызды өзгерістер болып тұрған. Белгілі болғандай, ол қайтыс болар алдында жаулап алған жерлерін бәйбішесі – Бөртеден туған төрт ұлына үлестіріп берді. Олардың әрқайсысына – Жошы, Үгедей, Шағатай және Төлеге, ол белгілі бір шамада белгіленген шегарасы мен анықталған мөлшерде әскері бар өте үлкен аумақты бөлді. Тіпті қытай немесе парсы карталарына арнайы хаттама жасалды.

Әрине, сонымен бірге, рулар мен тайпалар да оның ұлдарының арасында бөліске түсті. Алайда біз өзіміздің назарымызды тікелей қазақ тарихына қатысты оқиғалар өрістеген Ұлы Ұлыс (Алтын Орда) аумағына аудармақпыз.

Қалыптасушы жаңа мемлекеттің құрамында, Шыңғыс хан жаулап алған жерлерді бөлу кезінде таратылған немесе осы аумақта бұрыннан тұратын тайпалар болды.

Соғыстағы әр түрлі оқиғаларға және сарай төңкерістеріне байланысты ортағасырлық хабаршылар, сондай-ақ бүгінгі күнгі әр түрлі авторлардың бергендігінен тайпалардың құрамы туралы ақпарат шашыранқы болуда. Ақпарат беру деңгейі біркелкі болмағандықтан, бірде-бір автор біздің ойымызша, әлі күнге дейін осы қуатты мемлекеттің өзегін құрайтын тайпалар құрылымына жан-жақты нақты талдау жасаған жоқ.

Жағдайға байланысты, Рашид ад-дин, Фазуллах Хамадани еңбектерінде неғұрлым мазмұнды ақпараттар табылады. Ол мұңғұлдардың түркі этносының бір тармағы болып табылатынын атап көрсеткен болатын<sup>1</sup>. Ол бізге тәйжуиттер (тайджуит) «орман халқы» болғанын, шайқаста қият-бөржігіндердің ержүрек басшысы – Шарака Ибугай (Чарака Ибугай) қаза тауып, бұл оқиға жас Теміршіні (Темүджүн) қайғыға ұшыратқанын хабарлайды. Кейіннен Шараканың ұрпақтары Хулагу жағына шығады. Алайда неге екені белгісіз, бұл туралы жайлы «Құпия шежіре»

---

1 Рашид ад-Дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғат-тауарих (тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық / жалпы ред. басқ. Д.Қ. Қыдырәлі; ауд.: З.Ж. Оразбай, М.З. Оразбаев. 1 т. (1300–1316 жылдар аралығында жазылған). Астана: Фолиант, 2018. Б. 86-89.

беттерінде әңгіме қозғалмайды. Сонымен бірге, автор кейін әлдеқайда жоғалып кеткен «жажират» (?) руынан Жамұқаның шыққанын хабарлайды. Парсы дереккөздерінің жинақтарында (3-том) жарық көрген тимуридтік автордың «Муизз әл-ансаб» еңбегі бізге тайпалардың қоғамдық ұйымы және Ұлыс билеушілерінің шежірелері туралы егжей-тегжейлі түпнұсқа материалдарды ұсынады. Тұтастай алғанда, бұл жұмыс нақтылығы мен материалды нақты көрсетуде басқа шығыс дереккөздерінен ерекшеленеді. Онда тек рулар мен тайпалар ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік мәртебесі де, әртүрлі ұлт өкілдерінің әйелдерінің есімдері көрсетілген.

XIII-XIV ғасырлардағы хроникаларда жиі кездесетін «барлас, сұлдуз» (сулдуз) тайпалары, шамасы қазіргі Моңғолия даласынан қоныс аударған болуы керек. («Барлас» тайпасынан XIV ғасырда атақты Темірлан – әмір Темір шықты). Бізге белгілі нируундар мен будайдтар да Құлағулықтарда? Хулагу (Қазақстан тарихы, 2-том, 2010 ж.) болған. Сондай-ақ, нүкүз (нөкіс), дәрлекін, құрықан, сәйжуіт тайпаларының XIII-XIV ғасырлардағы оқиғаларға тікелей қатысты болғанын көреміз. Олардың бір бөлігі, мысалы, нүкүз-нөкістер Әбілхайыр хан Сібірден Түркістан маңына көшіп барғанда оның әскерінің құрамында болған.

Ұлы Ұлыста елеулі рөл атқарған ірі қатаған руының бір бөлігі Құлағу Хулагу (Қазақстан тарихы, 2-том, 2010 ж.) мемлекетінің аумағында болды, бірақ олар Ұлы Ұлыста да елеулі рөл атқарды. (XVII ғасырда қатаған рулары өзбектер, қазақтар, ноғайлар мен қырғыздар арасына сіңіп, араласып кеткен).

Соңғы жылдары ғалым, доктор Ю. Шамильоглу (АҚШ) Ордадағы басқару жүйесін, сондай-ақ тайпа көсемдерінің рөлі мен маңызын, Қарашы бек? басқарушылардың титулатурасын, хандарды сайлау рәсімін шығармашылықпен зерттеу үстінде<sup>1</sup>.

XIII ғасырдың ортасынан XV ғасырдың ортасына дейінгі кезеңде Ұлы Ұлыс аумағында ертедегі құрылым рулары, сондай-ақ олардың сақталған бөліктері жиі ұшырасады, біз оларды жүйелендіру мақсатында (алфавиттік) әліпбилік тәртіппен орналастырдық: алшын, арғын, барын, башқұрт, дербет, дулат, қатаған, қарақытай, қыпшақ, қонырат, қаңлы, кенегес, керей, керейт, қият, мадияр, маңғыт, найман, сейид, ойрат, уақ,

---

1 Шамильоглу Ю. Племенная политика и социальное устройство в Золотой Орде: монография / Пер. с англ. яз. Ч.И. Хамидовой, Р. Хаутала; отв. ред. И.М. Миргалеев. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2019.

үйсүн, ұйғыр, шырын.

Орта Азия мен Сарыарқа аумағына әскерлер келгеннен кейін арғындар мен қыпшақтар Жошы ұлысының қамқорлығына кірді. Сондай-ақ, әмір Темірге қызмет ету үшін көшіп келген олардың бір бөлігі Шағатай әскерлерінің құрамында болған. Шараф ад-дин Әли Йазди хабарлағандай, әмір Темір әскері құрамында наймандар, маңғыттар, қоңыраттар, барластар да болды<sup>1</sup>. Орданың құрамына кіретін тайпалар мен әлеуметтік топтар арасында төре мен сейидтер ерекше орын алады. Шыңғыс ханның ұрпақтары сан жағынан көбейіп және жоғары мәртебеге ие бола отырып, «төре»деп аталатын дара топқа бөлінді. «Төре» сөзін, «мырза» деп аудару дәл емес, ең дұрысы, «төре» – бұл саяси құрылымда жоғары орны бар Шыңғыс ханның, Жошы немесе Батудың ұрпақтарына берілетін құрметті атау. «Төре» институты «алтан уруг», яғни «алтын ру» тобына кіретін ежелгімоңғолдық дәстүрлерден бастау алады.

Ұлы Ұлыстың барлық азаматтары әртүрлі әлеуметтік топтардан құралған. Олардың пайда болу себептері мүлдем бөлек. Мысалы, Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтары болып саналатын «сейидтер» хан сарайларында құрметті орындарды иеленді.

Бұл кезенді зерттеген ең атақты зерттеушілердің бірі Т.И. Сұлтанов «Жошы ұлысында (Алтын Орда), Шағатай ұлысында және Хулагуидтер мемлекетінде (Иран) ислам ресми дін болған XIV ғасырдың өзінде, Шыңғыс ұрпақтары сейидтерді «ең басты тап» ретінде мойындады деп баса айтады. ...Сейидтер мұсылмандықтың діни идеяларының басты өкілдері болып саналды және өлім жазасына кесілмеді»<sup>2</sup>. Олар басқаларға қарағанда хандардың мінез-құлқындағы немесе (моральдағы) әдептегі кемшіліктерін тіке бетке айта алды. Бердібек ханның әзірбайжан сұлтандарының бірін, ислам қағидаларын бұзғаны үшін, өлім жазасына кескені туралы оқиға тіркелген болатын. Сұлтандар соғыс жағдайында қолдарына қару алған. Мысалы, сейидтерді (қожалар) біз Әбілқайыр (XV ғасыр) әскерлерінің құрамында көреміз, сондай-ақ олар қазақтар арасында да болған. Қырғыздардың арасынан «төре», «сеид» атаулары байқалмайды. Ноғайлар арасындағы Шыңғыс ханның ұрпақтары да, Темір әулеті империясының қалған бөлігін ұзақ уақыт басқарған Шай-

---

1 Шараф ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме. Книга побед Амира Темура / Пер. со староузбекского д.и.н. А. Ахмедова. Ташкент: SAN'AT, 2008.

2 Султанов Т.И. Поднятые на белой Кошме. Потомки Чингис-хана. Алматы, «Дайк-Пресс», 2001. С. 28.

банилер әулеті де біртіндеп жойыла бастады. Шайбанидтердің бір бөлігі XVIII-XIX ғасырларда Батыс Қазақстан аумағына қоныс аударды. Бірақ Шыңғыс ханның ұрпақтары – төре өкілдері қазіргі қазақтардың арасында көп кездеседі.

«Ноғайлар», «өзбектер» және «қазақтардың» әлеуметтік топтары ұзақ уақыт бойы бірнеше рулардан тұрған. Бұл атаулар, дұрысында, политонимдер болған еді, кейінірек этнонимдерге өзгертілді. «Қазақ» этнонимінің шығуы белгілі бір ханның есіміне байланысты болмай, XV ғасырдың ортасына қарай бірнеше ірі рулардың бірыңғай қазақ халқына бірігуінен әлеуметтік топ ретінде пайда болған. Орта ғасырларда белгілі бір руға жататындығын міндетті түрде көрсету қабылданды, мысалы, қыпшақ Аийас, маңғыт Исабек, кенегес Темір. Алайда кейбір авторлар көшпелі қоғамның қыр-сырын жете түсіне алмаған. «Кәшіктәне» немесе «төлеңгіт» айдары белгілі бір тайпаның өкілінен гөрі, олардың әлеуметтік мәртебесін айқындайды.

Бұл дәстүр қазақтарда, әсіресе, жыршылар арасында, көпке дейін сақталған, мысалы, жыршы кете Жүсіп дегенде, Жүсіп оның аты, ал кете -тайпасының бір тармағы. Қазақ халқында жеті атасын білу ер бала үшін міндетті болып саналған. Қазіргі таңда да өзінің жеті ата-бабасын білу – қазақ ұлдары үшін қажет. Қазіргі қазақ қыздарының да шежірелеріне қатты көңіл бөле бастағаны айта кетерлік жағдай.

Ұлыстың құрамына кірген рулар мен тайпалар туралы ақпарат іс жүзінде әр дереккөзде: еуропалық монахтардың күнделіктерінде, парсы, моңғол, түркі, араб және орыс тілді хикаяттарда тіркелген.

Сонымен, Орда өмірінде, бүкіл Еуразия құрлығының тағдырында маңызды рөл атқарған тайпалар мен рулар, әлеуметтік топтар төңірегінде біршама мәліметтер берілді. Бұл тайпалар өзгеше тармақтардан, (полктерден) әскери бөліктерден және әскерлерден құралды. Мәселен, атышулы Мамай немесе Едіге негізінен өз тайпаларының мүдделерін қорғаушысы және көсемі болған. Тайпалар әскери бірлік ретінде тез арада жиналып, бір шеттен екінші шетіне жай оғындай, көз ілеспес шапшаңдықпен жорықтарға шығып отырған. Олар Орданың қуатты негізін құрайтын шаруашылық бөлігі болып та табылады. Іштей берік топтасып, өз көсемдеріне бағынышты болған тайпалар құрлықтың барлық шеткі аймақтарындағы көптеген хандықтар мен мемлекеттердің тағдырында елеулі рөл атқарған.